

BLACKBERRY SOLUTION ЛИЦЕНЗИЯЛЫҚ КЕЛІСІМІ

БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫ ОРНАТПАС НЕМЕСЕ ПАЙДАЛАНБАС БҰРЫН МЫНА ҚҰЖАТТЫ МҰҚИЯТ ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ.

Бұл BlackBerry Solution Лицензиялық Келісімі ("Келісім"), оның алдыңғы нұсқалары BlackBerry Бағдарламалық Жасақтамасы туралы Лицензиялық Келісім деп қарастырылған, сіз жеке тұлға ретінде өз мүддеңізде келіссеңіз немесе Бағдарламалық жасақтаманы компанияңыздың немесе басқа кәсіпорынның атынан алуға құқығыңыз болса, сіздің пайдаңыз үшін әрекет ететін кәсіпорынмен (кез келген жағдайда "Сіз") және 1 International Business Park, The Synergy Building, 2-ші қабат, Singapore 609917 мекенжайы бойынша тіркелген, Research In Motion Singapore Pte. Limited ("RIM") компаниясы (бірлесе "Тараптар", ал жеке "Тарап" деп аталады) арасындағы заңды келісім болып табылады. Бағдарламалық жасақтаманың (төменде анықталғандай) лицензиясы мен таратылуына қатысты айтсақ, RIM компаниясы мына аталғандардан тікелей немесе жанама лицензия алушы болып табылады: (a) Research In Motion Limited ("RIM Canada") немесе оның еншілес кәсіпорындарының және аффилирленген компанияларының біреуі немесе одан көп (еншілес кәсіпорындары мен аффилирленген компаниялары RIM Canada компаниясымен бірге бұл Келісімде "RIM Компаниялар Тобы" деп аталады); немесе (b) RIM Компаниялар Тобының кез келгеніне, оның ішінде RIM компаниясына лицензия беруші үшінші тарап.

ТӨМЕНДЕГІ ТИІСТІ ТҮЙМЕНІ БАСЫП ҚАБЫЛДАҒАНЫҢЫЗДЫ КӨРСЕТУ АРҚЫЛЫ НЕМЕСЕ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫ ЖҮКТЕУ, ОРНАТУ, ІСКЕ ҚОСУ НЕМЕСЕ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ СІЗ БҰЛ КЕЛІСІМНІҢ ШАРТТАРЫН ОРЫНДАУҒА КЕЛІСЕСІЗ. ЕГЕР ОСЫ КЕЛІСІМНІҢ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ СҰРАҚТАРЫҢЫЗ НЕМЕСЕ МӘСЕЛЕЛЕРІҢІЗ БОЛСА, RIM КОМПАНИЯСЫНА МЫНА МЕКЕНЖАЙ БОЙЫНША ХАБАРЛАСЫҢЫЗ: LEGALINFO@RIM.COM.

ЖОҒАРЫДА БЕЛГІЛЕНГЕН ТӘРТІППЕН БҰЛ КЕЛІСІМНІҢ ШАРТТАРЫН ҚАБЫЛДАҒАНЫҢЫЗДЫ БІЛДІРУ АРҚЫЛЫ СІЗ, СОНДАЙ-АҚ, БҰЛ КЕЛІСІМНІҢ АЛДЫНДА БОЛҒАН BLACKBERRY СОҒҒЫ ПАЙДАЛАНУШЫ/БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАСЫ ТУРАЛЫ ЛИЦЕНЗИЯЛЫҚ ЖӘНЕ BLACKBERRY ENTERPRISE SERVER SOFTWARE БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАСЫ ТУРАЛЫ ЛИЦЕНЗИЯЛЫҚ КЕЛІСІМДЕРДІ ЖӘНЕ БАСҚА БҰРЫН БОЛҒАН КЕЗ КЕЛГЕН BLACKBERRY БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАСЫ ТУРАЛЫ ЛИЦЕНЗИЯЛЫҚ КЕЛІСІМДЕРДІ, АТАЛҒАН КЕЛІСІМДЕР ҚОЛДАНЫСТА БОЛМАСА, БҰЛ КЕЛІСІМДІ ҚАБЫЛДАҒАН КҮННЕН БАСТАП, СІЗДІҢ BLACKBERRY SOLUTION ӨНІМІЗДІҢ БІР БӨЛІГІН ҚҰРАТЫН КЕЗ КЕЛГЕН БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАҒА ҚАТЫСТЫ, АУЫСТЫРАТЫНЫНА ЖӘНЕ ЖОЯТЫНЫНА КЕЛІСЕСІЗ (ТОЛЫҚ АҚПАРАТ АЛУ ҮШІН ТӨМЕНДЕГІ "КЕЛІСІМДЕРДІ БІРІКТІРУ" (27-БӨЛІМ) ДЕП АТАЛАТЫН БӨЛІМДІ ҚАРАҢЫЗ).

Қайтару.

ЕГЕР СІЗ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫ ЖҮКТЕУ, ОРНАТУ, ІСКЕ ҚОСУ НЕМЕСЕ ПАЙДАЛАНУ АЛДЫНДА БҰЛ КЕЛІСІМНІҢ ШАРТТАРЫНА КЕЛІСКІҢІЗ КЕЛМЕЙТІНІ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАСАҢЫЗ, БҰЛ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫ ПАЙДАЛАНУҒА ҚҰҚЫҢЫЗ ЖОҚ ЖӘНЕ СІЗ (А) БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫ RIM КОМПАНИЯСЫНА ТЕЗ АРАДА ҚАЙТАРЫП БЕРУГЕ, ОНЫ ЖОЮҒА НЕМЕСЕ ОНЫ ӨШІРУГЕ ТИІСТІСІЗ; (В) ЕГЕР СІЗ RIM КОМПАНИЯСЫМЕН ОРНАТЫЛҒАН НЕМЕСЕ ОНЫҢ АТЫНАН АЛДЫН АЛА ОРНАТЫЛҒАН RIM ӨНІМІН САТЫП АЛСАҢЫЗ, RIM ӨНІМІ МЕН БІРГЕ БЕРІЛЕТІН БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫ ЖӘНЕ ДЕ БАСҚА ЭЛЕМЕНТТЕРДІ (ҚҰЖАТТАРДЫ ЖӘНЕ ОРАУ МАТЕРИАЛДАРДЫ) RIM КОМПАНИЯСЫНА НЕМЕСЕ RIM ӨНІМІМЕН БІРГЕ БЕРІЛЕТІН БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫ ЖӘНЕ ДЕ БАСҚА ЭЛЕМЕНТТЕРІ САТЫП

АЛЫНҒАН RIM КОМПАНИЯСЫНЫҢ ӨКІЛЕТТІ ДИСТРИБЬЮТОРЫНА ТЕЗ АРАДА ҚАЙТАРЫП БЕРІҢІЗ; НЕМЕСЕ (С) ЕГЕР СІЗ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫ RIM НЕМЕСЕ ОНЫҢ АТЫНАН АЛДЫН АЛА ОРНАТЫЛҒАН ҮШІНШІ ТАРАПТЫҢ ТАСЫМАЛЫ ӨНІМІН САТЫП АЛСАҢЫЗ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫ RIM НЕМЕСЕ ҮШІНШІ ТАРАПТЫҢ ТАСЫМАЛЫ ӨНІМІ МЕН ОНЫҢ БІРГЕ БЕРІЛЕТІН БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАСЫ ЖӘНЕ ДЕ БАСҚА ЭЛЕМЕНТТЕРІ АЛЫНҒАН RIM КОМПАНИЯСЫНЫҢ ӨКІЛЕТТІ ДИСТРИБЬЮТОРЫНЫҢ КӨМЕГІМЕН ӨШІРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРЫҢЫЗ. Егер жоғарыда айтылған жағдайларда Сіз Бағдарламалық жасақтамаға және/немесе сол Бағдарламалық жасақтамамен алған RIM өніміне төлеп қойсаңыз, және сол Бағдарламалық жасақтаманы (қолданыста болған) пайдалана алмасаңыз, және RIM компаниясына немесе RIM өнімдеріне арналған Бағдарламалық жасақтама сатып алынған өкілетті дистрибьюторға сатып алғаныңызды Бағдарламалық жасақтама сатып алынған күннен бастап тоқсан (90) күн ішінде сатып алуды дәлелдейтін құжатты беретін болсаңыз, RIM компаниясы немесе өкілетті дистрибьютор осы элементтер үшін төленген шығындарыңызды (бар болса) қайтарады. Үшінші тараптың Тасымалы өнім(дер)індегі Бағдарламалық жасақтамаға өтемақы қайтару үшін (дегенмен, Бағдарламалық жасақтама кейбір Үшінші тарап өнім(дер)іне тегін берілетінін, сондықтан оларға ештеңе қайтарылмайтынын ескеріңіз) Үшінші тараптың Тасымалы Өніміне арналған бағдарламалық жасақтаманың өкілетті дистрибьюторына хабарласыңыз. Егер жоғарыда айтылған жағдайларда Сіз Бағдарламалық жасақтамаға өкілетті дистрибьютордан өтемақы ала алмасаңыз, RIM компаниясына мына мекенжай бойынша хабарласыңыз: legalinfo@rim.com.

БҰЛ КЕЛІСІМ СІЗДІҢ ЮРИСДИКЦИЯҢЫЗДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЗАҢМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН МІНДЕТТІ ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗҒА, ОСЫНДАЙ ЗАҢМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН МІНДЕТТІ ҚҰҚЫҚТАРҒА ИЕ БОЛУ ШЕҢБЕРІНДЕ, ӘСЕР ЕТПЕЙДІ.

1. Анықтамалар. Контекст басқаша талап етпейінше, бұл келісімдегі анықталған терминдердің төменде берілгендей мағыналары болуы керек (және контекст солай рұқсат еткен жерлерде жекеше түр көпше түрді қамтиды және керісінше).

"Эфир қызметі" кең ауқымды сымсыз желі қызметтерін, басқа желі қызметтерін (оның ішінде сымсыз жергілікті желі, ғарыш және Интернет қызметтері) және BlackBerry Solution өнімімен бірге пайдалануға арналған Эфир қызметінің провайдерлері берген басқа да қызметтерді білдіреді.

"Эфир қызметі провайдері" кең ауқымды сымсыз желі қызметтерімен қамтамасыз ететін және Сіздің BlackBerry Solution өнімін қолдайтын немесе күшейтетін басқа да Эфир қызметтерімен қамтамасыз етуге құқылы кәсіпорынды білдіреді.

"Өкілетті Пайдаланушылар" Бағдарламалық жасақтаманы BlackBerry Solution өніміздің бөлігі ретінде пайдалануға Сіз рұқсат берген мына тұлғалардың кез келгенін білдіреді: (a) қызметкерлеріңіздің, кеңесшілеріңіздің немесе тәуелсіз мердігерлеріңіздің кез келгені; (b) дос немесе отбасы мүшесі немесе сіздің ғимаратыңызда тұратын кез келген тұлға; және (c) RIM компаниясы жазбаша рұқсат берген кез келген тұлға. Бұл Келісім үшінші тараптың иелігіндегі BlackBerry Серверінің Бағдарламалық жасақтамасын алуға автоматты түрде құқық бермейді, егер солай істегіңіз келсе, RIM компаниясына мына мекенжай бойынша хабарласыңыз: legalinfo@rim.com.

"BlackBerry Тасымалы өнімі" сонымен бірге "BlackBerry Құрылғылары" деп те аталады, RIM немесе оның атынан жасалған сымсыз құрылғыны, оның ішінде смартфондарды, смарт карта ридерін немесе BlackBerry көрсету құралын және RIM анықтаған http://www.blackberry.com/legal/blackberrydevices_for_bbsla сайтынан BlackBerry Тасымалы өнімі ретінде нақты анықталған басқа құрылғыны білдіреді.

"BlackBerry Handheld Software" RIM меншіктік бағдарламасын (RIM меншігінен құралған: бағдарламалық жасақтама, ішкі бағдарламалық жасақтама, интерфейс, мазмұн және басқа деректер, технологиялық жолмен қарастырылған немесе қарастырылмаған бағдарламалық жасақтама коды; Үшінші тарап компоненттері) немесе Тасымалы өнімде пайдалану үшін жасалған (а) Тасымалы өнімге RIM компаниясынан түпнұсқа тұрғыдан жеткізіліп салынған; немесе (б) арасында Тасымалы өнімде пайдалану үшін RIM немесе оның атынан берілген, таратылған және қол жетімді етілген бөлікті білдіреді. BlackBerry Handheld Software үлгілеріне RIM меншіктік операциялық жүйесінің бағдарламалық жасақтамасы және BlackBerry Тасымалы өніміне алдын ала орнатылған немесе арасында Үшінші тараптың Тасымалы өнімдерінде пайдалану үшін RIM немесе оның атынан берілген, таратылған және қол жетімді етілген "BlackBerry Application Suite" өнімін қамтитын RIM меншіктік бағдарламалары кіреді.

"BlackBerry PC Software" RIM меншіктік бағдарламасын (RIM меншігінен құралған: бағдарламалық жасақтама, ішкі бағдарламалық жасақтама, интерфейс, мазмұн және басқа деректер, технологиялық жолмен қарастырылған немесе қарастырылмаған болсын бағдарламалық жасақтама коды; Үшінші тарап компоненттері) немесе BlackBerry Solution өнімінің бөлігі ретінде пайдалану үшін және кез келген уақытта жеке компьютерде пайдаланатын және оған кіретін тек жалғыз соңғы пайдалану үшін жасалған бөлікті қамтиды. BlackBerry PC Software үлгісі ретіндегі "BlackBerry Desktop Software" бағдарламасын Тасымалы өнім мен Сіздің жеке компьютеріңіздің арасында синхрондаумен қамтамасыз ету және оны ұстап тұру үшін пайдалануға болады және ол жұмыс үстелінің басқа басқару функцияларымен қамтамасыз етеді.

"BlackBerry Prosumer Services" — RIM тұтынушыларының осындай сервердің бағдарламалық жасақтамасын сатып алу қажеттілігіңіз, RIM компаниясының BlackBerry меншіктік сервер бағдарламалық жасақтамасымен берілген белгілі бір функциялармен RIM тұтынушыларын қамтамасыз ету үшін RIM компаниясы әзірлеген және ұсынған қызметтер. BlackBerry Prosumer Services қызметіне RIM компаниясының "BlackBerry Internet Service" кіреді. BlackBerry Internet Service қызметі абоненттерге: (а) белгілі бір ISP және үшінші тараптың басқа электрондық поштасының есептік жазбаларын Тасымалы өніміңізге жеткізу үшін біріктіруге; (б) Электрондық мекенжай сіздің Тасымалы өніміңізде негізделген құрылғы жасауға; және (с) белгілі бір Интернет мазмұны мен қызметтеріне өтуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, BlackBerry Internet Service қызметінің электрондық пошта функциялары "MyEmail", "BlackBerry Internet Mail" және/немесе Эфир қызметі провайдеріңізге тән өнім аты ретінде белгілі. Барлық немесе кейбір BlackBerry Prosumer Services қызметтері Эфир қызметі провайдеріңізде қолданылмауы мүмкін. Эфир қызметі провайдеріңіздің бар-жоқтығын тексеріңіз.

"BlackBerry Server Software" RIM меншіктік сервері бағдарламалық жасақтамасын (RIM меншігінен құралған: бағдарламалық жасақтама, интерфейс, мазмұн мен деректер, технологиялық тұрғыдан қарастырылуы мүмкін немесе мүмкін емес бағдарламалық жасақтама коды, оның ішінде бағыттық протокол идентификаторымен (SRP ID), SRP түпнұсқалығын растаушы кілті және RIM компаниясы сервер бағдарламалық жасақтамасымен пайдалану үшін қамтамасыз ететін идентификатор; және Үшінші тарап компоненттері) немесе қандай да бір бөлікті, осыдан оның компьютерге орнату үшін және бірнеше Тасымалы өнімдер арқылы кез келген уақытта кіру үшін жасалған жалғыз көшірмесін білдіреді. BlackBerry Server Software үлгілеріне белгілі бір корпоративті бағдарлама серверлері (мысалы, электрондық пошта серверлері) мен "BlackBerry Enterprise Server" бағдарламалық жасақтамасымен қолдану үшін қамтамасыз етілген Тасымалы өнімдер және кеңседегі телефон мүмкіндіктерін Тасымалы өнімдерге қол жетімді ету үшін жасалған "BlackBerry Mobile Voice" бағдарламалық жасақтамасы арасын біріктіру және байланыс орнату үшін жасалған "BlackBerry Enterprise Server" өнімі кіреді.

"BlackBerry Solution" Бағдарламалық жасақтаманы және Бағдарламалық жасақтамамен пайдалану үшін мына қосымша элементтердің кемінде біреуін білдіреді: RIM өнімі, BlackBerry Server Software, BlackBerry Handheld Software, BlackBerry PC Software және /немесе Қызмет(тер); қолданыстағы Құжаттамамен бірге.

"Құжаттама" Бағдарламалық жасақтаманың белгілі бір нұсқасына және версиясына, RIM өнімі немесе Қызметі, оның ішінде қауіпсіздік нұсқаулары үшін RIM компаниясымен дайындалған және жеткізілген қолданыстағы орнату нұсқаулығын немесе стандартты соңғы пайдаланушы құжаттарын білдіреді. Сондай-ақ, Құжаттаманы <http://docs.blackberry.com> сайтынан немесе RIM компаниясына legalinfo@rim.com мекенжайы бойынша хабарласып алуға болады. Айқындылық үшін Құжаттамаға RIM компаниясынан басқа тұлға дайындаған орнату нұсқаулығы немесе соңғы пайдаланушы құжаттамасы немесе құжаттамаға RIM компаниясынан басқа тұлға енгізген өзгертулер кірмейді.

"Тасымалы өнімдер" мыналарды білдіреді: (a) BlackBerry Тасымалы өнімін; немесе (b) Үшінші тараптың Тасымалы өнімін.

"RIM периферийлі құрылғылары" RIM таңбасымен белгіленген: аксессуарларды немесе басқа элементтерді олармен шектелместен, microSD карталарын немесе RIM өнімімен бірге қолдану үшін жасалған басқа кеңейтілмелі еске сақтау құрылғылары мен тындау құрылғыларды білдіреді.

"RIM өнімі" Бағдарламалық жасақтамасыз BlackBerry Тасымалы өнімдерді және RIM периферийлі құрылғыларды білдіреді.

"Бағдарламалық жасақтама" осы Келісім бойынша, қандай үлгіде, құралда тәртіппен берілген немесе кейінірек орнатылған немесе пайдаланылған болмасын, Сізге берілген кез келген BlackBerry Handheld Software, BlackBerry PC Software немесе BlackBerry Server Software бағдарламасын білдіреді. Егер BlackBerry Server Software бағдарламасы BlackBerry Handheld Software бағдарламасын қамтамасыз ету (яғни, іске қосу) мүмкіндігіне ие болса, онда "Бағдарламалық жасақтама" термині Бағдарламалық жасақтама арқылы қамтамасыз етілген кез келген және барлық BlackBerry Handheld Software бағдарламасын (оның ішінде басқа шарттар мен талаптар берілмеген кез келген және барлық жаңартуларды және жетілдірулерді) қамтиды. "Бағдарламалық жасақтама" термині Үшінші тарап бағдарламалық жасақтамасын немесе Үшінші тарап мазмұнын, Үшінші тарап бағдарламалық жасақтамасы немесе Үшінші тарап мазмұны RIM компаниясымен таратылсын немесе таратылмасын немесе Үшінші тарап бағдарламалық жасақтамасы немесе Үшінші тарап мазмұны бірге берілсін не берілмесін немесе Бағдарламалық жасақтамамен және/немесе BlackBerry Solution өніміңізбен немесе Үшінші тараптың Тасымалы өнімімен бірге қолданылсын не қолданылмасын қамтымауы керек.

"Қызмет(тер)" Сізге RIM не оның атынан Сіздің BlackBerry Solution өніміңіздің (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Сіз жазылатын BlackBerry Prosumer Service сияқты RIM қызметімен және кез келген жаңа RIM қызметімен немесе RIM қамтамасыз ететін немесе Сізге арасында қол жетімді ететін RIM қызметіне енгізілген өзгертулер) бөлігі ретінде берілген кез келген RIM қызметін білдіреді.

"Үшінші тарап компоненттері" RIM бағдарламалық жасақтамасының өніміне біріктіру үшін немесе RIM аппараттық жасақтамасы өнімдері кезінде ішкі бағдарламалық жасақтамаға біріктіру үшін үшінші тараптан RIM компаниясы лицензия берген немесе RIM бренді бойынша сол RIM өнімінің бүтін бөлігі ретінде таратылған бағдарламалық жасақтама мен интерфейсстерді білдіреді, бірақ Үшінші тарап бағдарламалық жасақтамасын қамтымайды.

"Үшінші тарап мазмұны" үшінші тараптың мазмұндық меншігін, оның ішінде үшінші тарап файлдарын, дерекқорларын және веб-сайттарын олармен шектелместен білдіреді.

"Үшінші тараптың Тасымалы өнімі" BlackBerry Handheld Software немесе оның кез келген бөлігін қолдану үшін және RIM компаниясының осы Келісімге үшінші тараптың сымсыз құрылғысының RIM инфрақұрылымына өтуге рұқсат ететін Эфир қызметі провайдеріңізбен отыруына қатысты RIM компаниясы дайындаған BlackBerry Тасымалы өнімінен басқа кез келген сымсыз смартфонды білдіреді.

"Үшінші тарап элементтері" Үшінші тараптың аппараттық жасақтамасын, Үшінші тараптың бағдарламалық жасақтамасын, Үшінші тарап мазмұнын және Үшінші тарап өнімдерін білдіреді.

"Үшінші тараптың аппараттық жасақтамасы" Тасымалы өнімдерді, компьютерді, жабдықты, перифериялы құрылғыларды және RIM өнімі емес басқа аппараттық жасақтама өнімін білдіреді.

"Үшінші тарап өнімдері" Үшінші тараптың аппараттық жасақтамасын, Үшінші тараптың бағдарламалық жасақтамасын және RIM өнімдері емес басқа коммерциялық өнімдерді білдіреді.

"Үшінші тарап қызметтері" үшінші тарап қамтамасыз ететін қызметтерді, оның ішінде Эфир қызметтерін және RIM компаниясында қолданылмайтын веб-сайтты білдіреді.

"Үшінші тараптың бағдарламалық жасақтамасы" RIM өнімдерінде немесе Бағдарламалық жасақтамада немесе солар арқылы берілген немесе қол жетімді етілген бөлек бағдарламалар меншігін білдіреді. Үшінші тараптың бағдарламалық жасақтамасының үлгілеріне белгілі бір BlackBerry Тасымалы өнімдерінде берілген DataViz өнімінің "Documents To Go" және Sonic Solutions өнімінің "Roxio Media Manager" бағдарламасы BlackBerry Desktop Software бағдарламалық жасақтамасымен бірге берілгенде кіреді.

"Сіздің BlackBerry Solution" Бағдарламалық жасақтаманы және өз жағдайларыңызда қолданылатындай, Бағдарламалық жасақтамамен бірге пайдалану үшін Сіз сатып алатын, орнататын, қамтамасыз ететін немесе рұқсат ететін және пайдалану жауапкершілігін қабылдайтын мына элементтердің кемінде біреуін білдіреді: RIM өнімі, BlackBerry Server Software, BlackBerry Handheld Software, BlackBerry PC Software және/немесе Қызмет(тер); қолданыстағы Құжаттамамен бірге.

2. Бағдарламалық жасақтама және Құжаттама лицензиясы. Бағдарламалық жасақтама осы Келісім бойынша лицензия беріледі, бірақ сатылмайды. Бағдарламалық жасақтаманы пайдалануға арналған лицензияңыз лицензия ақыларын төлеу, бар болса, бойынша шартты болып табылады. Осы құжаттағы шарттар мен талаптарға сәйкес, бұл Келісім Сіз бен Сіздің Өкілетті Пайдаланушыларыңызға бірлесіп рұқсат ететін жеке, қайтарып алынатын, ерекше емес, үшінші тұлғаларға берілмейтін лицензияны Сізге береді:

(a) егер Бағдарламалық жасақтама BlackBerry Server Software болса:

(i) Бағдарламалық жасақтама үшін RIM компаниясына немесе RIM компаниясының өкілетті дистрибьюторына төленген ақыларға сәйкес Бағдарламалық жасақтаманың көшірме сандарына (оның ішінде виртуалды көшірмелер) дейін орнату және пайдалану үшін (және Бағдарламалық жасақтама үшін RIM компаниясына немесе RIM компаниясының өкілетті дистрибьюторына ешқандай ақы төленбесе, RIM компаниясы немесе оның өкілетті дистрибьюторы жазбаша түрде басқаша рұқсат етілген көшірмелер санына дейін орнату және пайдалану үшін); және

- (ii) RIM компаниясына немесе RIM компаниясының өкілетті дистрибьюторына төленген ақыларға сәйкес көптеген Тасымалы өнімдерге Бағдарламалық жасақтамаға кіруге мүмкіндік беру (және RIM компаниясына немесе RIM компаниясының өкілетті дистрибьюторына ешқандай төлемақы төленбесе, Тасымалы өнімдерге Бағдарламалық жасақтамаға кіруге мүмкіндік беру, сосын RIM компаниясы немесе оның өкілетті дистрибьюторы жазбаша түрде рұқсат еткен көптеген Тасымалы өнімдерге мүмкіндік беру) (мысалы, егер Сіз "BlackBerry Enterprise Server" бағдарламалық жасақтамасын іске қоссаңыз, Сіз BlackBerry Server Software бағдарламалық жасақтамасымен бірге пайдаланылатын көптеген Тасымалы өнімдер үшін, олардың санына сәйкес, клиенттік кіру лицензияларын ("ККЛ") алуға немесе сол Бағдарламалық жасақтамаға кіру рұқсат берілген Өкілетті Пайдаланушылардың санын белгілейтін RIM компаниясынан авторизация алуға тиістісіз); және
- (b) егер Бағдарламалық жасақтама BlackBerry Handheld Software немесе BlackBerry PC Software болса және:
 - (i) егер Бағдарламалық жасақтама аппараттық жасақтамаға алдын ала орнатылған болса, онда аппараттық жасақтамаға орнатылған сол Бағдарламалық жасақтаманың бір көшірмесін пайдалану; немесе
 - (ii) егер Бағдарламалық жасақтама аппараттық жасақтамаға алдын ала орнатылмаған болса, онда Бағдарламалық жасақтама үшін RIM компаниясына немесе RIM компаниясының өкілетті дистрибьюторына төленген ақыларға сәйкес көптеген қолданыстағы аппараттық жасақтама құрылғыларына Бағдарламалық жасақтаманы орнату және пайдалану (және Бағдарламалық жасақтама үшін RIM компаниясына немесе RIM компаниясының өкілетті дистрибьюторына ешқандай ақы төленбесе, онда RIM компаниясы немесе оның өкілетті дистрибьюторы жазуға рұқсат берген көшірмелер санын орнату және пайдалану).

Егер Сіз Бағдарламалық жасақтаманы (және кез келген қатысты ККЛ) жазылу негізінде немесе тегін сынақ нұсқасының бір бөлігі ретінде алсаңыз, онда жоғарыда белгіленген лицензиялық құқықтар сәйкесінше қажетті жазылу ақылары төленген уақыт мерзіміне ғана немесе белгілі бір жағдайда RIM компаниясы немесе оның өкілетті дистрибьюторы рұқсат еткен уақыт мерзіміне қатысты).

Барлық жағдайда осы Келісім бойынша берілген лицензия(лар) Сізге және Сіздің Өкілетті Пайдаланушыларыңызға Бағдарламалық жасақтаманы пайдалануға немесе оны пайдалануға мүмкіндік беруге немесе Қызметтерге тек жеке ішкі не жеке мақсаттар үшін және тек Сіздің BlackBerry Solution бөлігі ретінде кіруге рұқсат етеді. Егер Өкілетті Пайдаланушылар BlackBerry Handheld Software бағдарламалық жасақтамасын басқа BlackBerry Solution бөлігі (басқаша айтқанда, Сіз немесе Сіздің атыңыздан әрекет ететін басқа біреу сатып алмаған, орнатпаған немесе қамтамасыз етпеген және Сізге осылай пайдалануға рұқсат етілген, бірақ жауапкершілікті алуға дайындамаған RIM меншіктік өнімдерінің, бағдарламалық жасақтамасының немесе қызметтердің бір бөлігінен құралған BlackBerry Solution; "Басқа BlackBerry Solution") ретінде пайдаланғысы келсе, онда солайша пайдалану бұл лицензиялық Келісімде қамтылмайды және Сіз Өкілетті Пайдаланушыдан BlackBerry Handheld Software бағдарламалық жасақтамасын Басқа BlackBerry Solution бөлігі ретінде пайдалануға құқық беретін бөлек лицензиялық келісімге RIM компаниясымен отыруды талап етуге тиістісіз (мысалы, егер Сіз корпорация болып, Сіздің қызметкеріңіз BlackBerry Handheld Software бағдарламалық жасақтамасын оның жеке BlackBerry Prosumer Services қызметімен бірге пайдаланғысы келсе және Сізді осылай пайдалануға рұқсат беруге, бірақ жауапкершілік алуға дайындаса, Қызметкеріңіз осы Келісім бойынша Өкілетті Пайдаланушы болудан басқа Бағдарламалық жасақтаманы осы Басқа BlackBerry Solution өнімімен бірге пайдалануға құқық беретін BlackBerry Бағдарламалық Жасақтамасы туралы Лицензиялық Келісімге RIM компаниясымен жеке құзыретімен отыруға тиісті. Көп жағдайда жеке тұлға BlackBerry Handheld Software бағдарламалық

жасақтамасын BlackBerry Prosumer Services қызметімен бірге пайдалану үшін қамтамасыз еткенде және басқаша RIM компаниясынан www.blackberry.com/legal сайтынан алынғанда, оған BlackBerry Бағдарламалық Жасақтамасы туралы Лицензиялық Келісім көрсетіледі. Осыған ұқсас егер Сізде Негізгі BES Кіру туралы Келісім болса, Сіздің тұтынушыларыңыз Келісіміге компаниясымен BlackBerry Enterprise Server Software бағдарламалық жасақтамасын олардың BlackBerry Solution бөлігі ретінде пайдалану үшін келісімге отыруға тиісті).

Бұл Келісім мен осы құжатта берілген лицензиялар мыналарға берілген ешқандай құқық немесе құқық туралы құжатты білдірмейді: (a) Бағдарламалық жасақтаманың немесе Үшінші тараптың бағдарламалық жасақтамасының келешектегі жаңартулар мен жетілдірулер; (b) Тасымалы өнімдегі BlackBerry Handheld Software жағдайында Бағдарламалық жасақтамадағылардан басқа бағдарламаларға кіру мүмкіндігі; немесе (c) жаңа немесе өзгертілген Қызметтерді сатып алу. Жоғарыда аталғандарға қарамастан, Бағдарламалық жасақтама автоматты түрде Бағдарламалық жасақтаманың жаңартуларын тексеру функцияларын қамтуы мүмкін. Сіз немесе BlackBerry Solution өніміңізді немесе бөліктерін осыдан Сізге беру үшін келісімге отырған үшінші тарап Бағдарламалық жасақтама, Үшінші тараптың бағдарламалық жасақтамасы немесе Қызметтер жаңартуларының жіберілуіне немесе пайдаланылуына кедергі келтіру үшін BlackBerry Solution өніміңізді реттемейінше, Сіз осы құжатпен RIM компаниясының Сізге мұндай жаңартуларды қол жетімді етуге құқылы (бірақ міндетті емес) екеніне келісесіз. Егер RIM не тікелей, не дистрибьютер (оның ішінде Эфир қызметі провайдеріңіз) арқылы Бағдарламалық жасақтаманың немесе Қызметтердің жаңартуларын Сізге қол жетімді етсе, мұндай жаңартулар осы Келісімнің шарттары мен талаптарына сәйкес болуы керек, Бағдарламалық жасақтама немесе Қызмет(тер) басқа немесе қосымша шарттар мен талаптар бойынша, егер Сіз байланысты шарттар мен талаптарды қабылдаған немесе жаңартуды пайдаланған жағдайда Сізге тікелей бермейінше, сол басқалары немесе қосымша шарттар мен талаптар (қосымша ақылар төлемі кіруі мүмкін) қолданылады.

Сіз Бағдарламалық жасақтаманы толығымен немесе жартылай басып шығаруға, таратуға немесе өзгертуге құқылы емессіз. RIM компаниясының заң бойынша осы әрекеттерді тыйым салуына кедергі келтіруінен басқа жағдайда, Сіз осы Келісімде немесе Сіз және RIM компаниясы арасында бөлек жазылған келісімде рұқсат берілмейінше Бағдарламалық жасақтаманы толығымен немесе жартылай көшіруге, қайта жасауға немесе қандай да бір басқа жолмен көшіруге құқылы емессіз. Бұл ереже мақсаттары үшін "көшіру" немесе "қайта жасау" Құжаттамада немесе Бағдарламалық жасақтаманың немесе Бағдарламалық жасақтама орнатылған компьютердің не жүйенің өзгертілмеген тұрақты сақтық көшірмелерін жасау барысында сипатталған мақсаттарға сәйкес және солар үшін, өнеркәсіп стандартындағы жұмыс тәжірибелеріне сәйкес бағдарламаның бірқалыпты орындалуы кезінде табиғи жолмен жүретін Бағдарламалық жасақтаманың ережелері мен нұсқауларын көшіруді қамтымауы керек. Сіз RIM компаниясы жазуға арнайы рұқсат етпейінше Құжаттаманы не оның бөлігін көшіруге құқылы емессіз. Сіз Құжаттаманың бір көшірмесін <http://docs.blackberry.com> сайтынан осы шарттар мен талаптар бойынша және Бағдарламалық жасақтаманы пайдалануға сәйкес тек пайдалануыңыз үшін жүктеуге құқылысыз.

3. BlackBerry Solution өніміңізді пайдалану. Сізге және Өкілетті Пайдаланушыларыңызға жүктелген BlackBerry Solution өніміңізге қатысты барлық әрекетке жауаптысыз және Сіз мына әрекеттерді орындалуын қамтамасыз етесіз:

- (a) Сіз және Өкілетті Пайдаланушыларыңыз тек Сіздің BlackBerry Solution өніміңіз бен кез келген бөлігін осы Келісімге, барлық қолданыстағы заңдар мен ережелерге және Сіздің BlackBerry Solution өніміңізге немесе бөлігіне арналған тиісті Құжаттамаға сәйкес пайдаланады;
- (b) Бұл Келісімге өз атыңыздан немесе компания не басқа кәсіпорын атынан кәмілет жасына толмаған кезде және кәмілет жасынан асқанда отыруға құқығыңыз және өкілеттігіңіз бар;

- (c) Осы Келісімге сәйкес RIM компаниясына берілген кез келген ақпарат дұрыс, дәл, ағымдағы және толық болып табылады;
- (d) Сіз Өкілетті Пайдаланушыларыңызбен осындай сұрауларды Өкілетті Пайдаланушыңыздың орнындағы ақыл иесі бар адам жауапты болғандай жасағаннан кейін біліп тұрып BlackBerry Solution өніміңізді немесе сондағы бөлікті басқа бағдарламалық жасақтамадан немесе деректерден бөлек немесе бірге RIM шешімінде парасатты әрекет ете отырып, кез келген тұлға, оның ішінде RIM немесе Эфир қызметі провайдері пайдаланған бағдарламалық жасақтамаға, жүйеге, желіге немесе деректерге кедергі келтіретін, төмендететін немесе кері әсер ететін немесе RIM компаниясына, RIM Компаниялар Тобына, Эфир қызметі провайдеріне немесе сәйкес тұтынушылардың немесе өнімдердің не қызметтердің кез келгеніне шығын алып келетін тәртіппен пайдаланбайсыз және басқаларға пайдалануға рұқсат етпейсіз және Сізге осы туралы ескерту беретін RIM компаниясы бойынша мұндай әрекетті тоқтатасыз;
- (e) Сіз Өкілетті Пайдаланушыларыңызбен мазалайтын, шатастыратын, жалған ақпараты бар, заңсыз немесе алдайтын хабарларды, мазмұнды не ақпаратты Сіздің BlackBerry Solution не сондағы кез келген бөлік арқылы жібермейсіз;
- (f) Сіз Өкілетті Пайдаланушыларыңызбен қылмыс жасау не қылмыс жасауға талпыну үшін немесе қылмыс немесе басқа заңсыз не заңға қайшы әрекет жасауды, оның ішінде құпиялылықтың бұзылуын немесе заңның бұзылуын, кез келген үшінші тараптың зияткерлік меншік құқықтарының және/немесе басқа да меншік құқықтарының бұзылуын (оның ішінде Сіз бен Өкілетті Пайдаланушыларыңыздың көшіруге және бөлісуге құқықтары жоқ Үшінші тарап мазмұнын көшірумен және бөлісумен немесе сандық құқықтарды басқаруды қорғауды заңсыз айналып өтумен шектелместен) жеңілдету үшін BlackBerry Solution өніміңізді немесе сондағы бөлікті пайдаланбайсыз;
- (g) Сіз Өкілетті Пайдаланушыларыңызбен Бағдарламалық жасақтаманы немесе оның кез келген бөлігін немесе Қызметтерді немесе олардың кез келген бөлігін пайдалану құқығын (оның ішінде қызмет бюросын немесе Бағдарламалық жасақтама пайдаланылатын эквивалентті қызметті қолдану) кез келген басқа тұлғаға RIM компаниясының алдын ала тікелей жазбаша рұқсатынсыз сатпайсыз, жалға бермейсіз, қосалқы лицензия бермейсіз немесе үшінші тұлғаға бермейсіз немесе сатуға, жалға беруге, қосалқы лицензия беруге немесе үшінші тұлғаға беруге талпыныс жасамайсыз;
- (h) Сіз Өкілетті Пайдаланушыларыңызбен RIM немесе оның атынан орнатылған кез келген Бағдарламалық жасақтаманы не оның кез келген бөлігін RIM компаниясының алдын ала жазбаша рұқсатынсыз басқа кез келген құрылғыда пайдалану үшін үшінші тұлғаға бермейсіз немесе үшінші тұлғаға беруге талпыныс жасамайсыз.
- (i) Сіз Өкілетті Пайдаланушыларыңызбен RIM компаниясымен бірлесе жұмыс істеп, бұл Келісімнің шарты бұзылғанын тергеу немесе анықтау кезінде RIM компаниясына көмектесу үшін RIM сұраған ақпаратпен қамтамасыз етесіз және RIM компаниясын немесе RIM компаниясы тағайындаған тәуелсіз аудиторды RIM өнімдері, Қызметтері немесе Бағдарламалық жасақтамасы пайдаланылатын немесе пайдаланылған ғимараттар мен компьютерлерді және кез келген соларға байланысты жазбаларды қарауға рұқсат бересіз. Сіз осы құжатпен RIM компаниясына мына тұлғалармен бірлесе жұмыс істеуге рұқсат бересіз: (i) күдікті қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу кезінде заң жүйесі органдарына; (ii) бұл Келісімнің бұзылған шарттарын анықтау кезінде үшінші тараптарға; және (iii) бұл Келісімнің шарттарын орындау үшін Интернет қызмет провайдерлеріндегі,

желілердегі немесе есептеу құралдарындағы жүйе әкімшілерін. Бұлай бірлесіп жұмыс істеуге RIM компаниясының Сіздің немесе Өкілетті Пайдаланушыларыңыздың пайдаланушы атын, IP мекенжайын немесе басқа жеке ақпаратты ашу әрекеті кіруі мүмкін.

4. Үшінші тарап элементтері және үшінші тарап қызметтері. BlackBerry Solution өнімін пайдалануыңызға байланысты, Сіз Үшінші тарап элементтерін және Үшінші тарап қызметтерін сатып алуға немесе алуға құқылысыз.

- (a) Міндетті үшінші тарап элементтері. Сіз BlackBerry Solution өніміңізді қолдану үшін таңдалатын Үшінші тарап элементтері мен Үшінші тарап қызметтерінің (оның ішінде компьютер жүйелерімен, Интернетке қосылумен және Эфир қызметтерімен шектелместен) RIM компаниясының ең төменгі талаптарына, оның ішінде Құжаттамада белгіленгендей BlackBerry Solution өніміңізге қажетті өңдеу уақытымен, жадпен, клиенттік бағдарламалық жасақтамамен және арнаулы Интернетке қосылу мүмкіндігімен шектелместен, сәйкес келетініне және аталған Үшінші тарап элементтері мен Үшінші тарап қызметтерін пайдалануды құрметтей отырып, Сіз бен Өкілетті Пайдаланушыларыңыздың осындай Үшінші тарап элементтерін және/немесе Үшінші тарап қызметтерін BlackBerry Solution өніміңізбен бірге пайдалануы қандайда бір лицензияларды, шарттарды, талаптарды, заңдарды, ережелерді және/немесе нормаларды бұзбайтынына көз жеткізуге жауаптысыз.
- (b) Эфир қызметтері. Көп жағдайларда BlackBerry Solution өніміңіз BlackBerry Solution өніміңізді пайдалану үшін Эфир қызметтеріне жазылуды талап етеді және Сіз Эфир қызметтері Эфир қызметі провайдерінің шарттары мен талаптарына сәйкес болатын Эфир қызметі провайдері арқылы (немесе Эфир қызметі провайдерінен атынан RIM арқылы қол жетімді болатын жерде) осындай абонеттік жазылуды сатып алуға тиістісіз. Егер Эфир қызметі провайдерлерінің BlackBerry Solution өніміңізге тұрған жеріңізде қолдау көрсетуі туралы ақпаратты алғыңыз келсе, RIM компаниясына мына мекенжай бойынша хабарласыңыз: legalinfo@rim.com.
- (c) Міндетті үшінші тарап қызметтері. Сондай-ақ, RIM компаниясы Сізге белгілі бір Үшінші тарап қызметтеріне (мысалы, My Space және MSN Messenger) кіруге мүмкіндік беру үшін арнайы жасалған BlackBerry Handheld Software бағдарламалық жасақтамасымен Сізді қамтамасыз ете алады. Эфир қызметі провайдеріңіз сізге Үшінші тарап қызметіне Тасымалы өніміңіз арқылы сол әрекетті жүзеге асыру үшін өтуге рұқсат беруге тиісті. Сондай-ақ, Сіз аталған BlackBerry Handheld Software бағдарламалық жасақтамасын есептік жазбасы Үшінші тарап қызметіне қатысты келісілетін шарттар мен талаптар бойынша реттелетін Үшінші тарап қызметі провайдерінің белгілі бір ерекшеліктерімен пайдалану үшін Үшінші тарап қызметі провайдерінен есептік жазба алуға құқылы.

Егер Сіз RIM компаниясынан веб-сайттың, мазмұнның, заттың, өнімнің немесе қызметтің алынатынына сенімсіз болсаңыз, RIM компаниясына мына мекенжай бойынша хабарласыңыз: legalinfo@rim.com. Егер Сіз үшінші тарап жұмыстарымен Интернет немесе Үшінші тарап қызметтерімен байланысты айналыссаңыз, кіммен жұмыс істеп отырғаныңызға және сол веб-сайттарға байланысты шарттар мен талаптарды және Үшінші тарап қызметтерін немесе Үшінші тарап элементтерін білетініңізге, жеткізу және төлем шарттарымен, пайдалану шарттарымен, соңғы пайдаланушының лицензиялық шарттарымен, өнімдерді қайтару мүмкіндігімен, құпиялылық шарттарымен, құпиялылық параметрлерімен және құпия ақпаратыңызды қорғайтын және жеке қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ететін қауіпсіздік мүмкіндіктерімен шектелместен, оларды алуға құқылы екеніңізге көз жеткізуді ұмытпаңыз. Егер Сіз үшінші тараптармен келісімдер жасасаңыз, Сіз сол келісімдердің шарттары мен талаптарын сақтауға жауапты боласыз.

5. Үшінші тарап бағдарламалық жасақтамасы мен Үшінші тарап компоненттеріне арналған қосымша шарттар. Жоғарыда айтылғандармен шектелместен, Бағдарламалық жасақтамаға Үшінші тарап компоненттері кіруі мүмкін және BlackBerry Solution өніміңізді жұмыс істеуді күшейту үшін Үшінші тарап бағдарламалық жасақтамасы RIM компаниясы түпнұсқа күйінде жеткізіп бергенде RIM өнімдерімен немесе Бағдарламалық жасақтамасымен бірге берілуі мүмкін немесе кейінірек Сізге арасында берілуі, таратылуы немесе басқаша қол жетімді болуы мүмкін. Үшінші тарап бағдарламалық жасақтамасы мен Үшінші тарап компоненттері (оның ішінде оның жаңартулары мен жетілдірулері) бөлек немесе қосымша шарттар мен талаптарға сәйкес пайдаланылады. Бұл бөлек немесе қосымша шарттар мен талаптар, бар болса, Бағдарламалық жасақтамамен бірге берілетін мәтіндік файлда қол жетімді болады және/немесе Үшінші тарап бағдарламалық жасақтамасы жағдайында Үшінші тарап бағдарламалық жасақтамасын бірінші рет пайдаланғаныңызда немесе орнатқаныңызда қол жетімді болуы мүмкін. Сізге RIM компаниясы берген Үшінші тарап бағдарламалық жасақтамасына қатысты айтсақ, RIM компаниясы түсінуіңіз, растауыңыз және мұндай бағдарламалық жасақтаманың мына шарттарына келісуіңіз бойынша ғана аталған бағдарламалық жасақтаманы беруге құқылы: (а) Сізге ғана қолайлы болу үшін берілгенде; және (b) егер ол бөлек бағдарламалық жасақтама лицензиясы бойынша берілмесе, ол Бағдарламалық жасақтама болғандай, оны RIM компаниясы "СОЛ ҚАЛПЫНДА" және "БАР КҮЙІНДЕ" тікелей емес немесе заңға негізделген шарттарсыз, дәлелдерсіз, кепілдемелерсіз, растауларсыз немесе кепілдіктерсіз берген жағдайлардың барлығынан басқа кезде ол осы Келісімнің шарттары мен талаптарына сәйкес болады. Егер Үшінші тарап бағдарламалық жасақтамасын басқа шарттар бойынша алғыңыз келсе, Сіз бұл Үшінші тарап бағдарламалық жасақтамасын оның жеткізушілерінен тікелей сатып алуға тиістісіз. Ешқашан Сіз бен жеткізуші арасындағы мұндай бөлек лицензиялық келісімдер немесе қосымша талаптар мен шарттар RIM компаниясына міндетті болмайды немесе қосымша міндеттемелер немесе RIM компаниясына осы Келісімнің шарттарына сәйкес емес қандай да бір міндеттемелер жүктемейді. Осы Келісім бойынша Бағдарламалық жасақтамаға рұқсат беретін құқықтардан кеңірек Үшінші тарап компонентінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалану, көшіру, тарату немесе өзгерту құқықтарымен Сізді қамтамасыз ететін қосымша шарттар мен талаптар кез келген белгілі бір сол Үшінші тарап компонентінде қамтылған шеңберде, сосын осындай кеңірек құқықтарды Бағдарламалық жасақтаманың қалған бөлігіне арналған осы Келісімнің шарттарын бұзбай жүзеге асыра алғаныңызда ғана, Сіз осындай кеңірек құқықтар артықшылығына ие боласыз.

6. Жұмыс үстелінің криптографиялық қолдауы. BlackBerry Handheld Software бағдарламалық жасақтамасына пайдаланушыларға жұмыс үстеліне негізделген криптографиялық орындалатын жұмыстарды (мысалы, S/MIME 3.0 нұсқасы (немесе кейінгі) немесе PGP сияқты RFC 2440 стандарттарына негізделген орындалатын жұмыстар) (әрқайсысы "Жұмыс үстелінің криптографиялық жұмыстары") сымсыз жолмен нақты Тасымалы өнімдерге кеңейтуге мүмкіндік беретін бағдарламалық жасақтама модульдері кіруі мүмкін. Нақты Жұмыс үстелінің криптографиялық жұмыстары алдымен мұндай Жұмыс үстелінің криптографиялық жұмыстарын үшінші тарап сатушысынан сатып алуыңызды талап етуі мүмкін. RIM компаниясы Жұмыс үстелінің криптографиялық жұмысының өзіне қажетті криптографиялық инфрақұрылымның кез келген бөлігімен қамтамасыз етпейді және RIM компаниясы криптографиялық инфрақұрылымыңыздың кез келген бөлігін таңдауға, сатып алуға, орындауға, атқаруға немесе атқармауға, қолдауға, оның дәлдігіне немесе сенімділігіне, оның ішінде криптографиялық инфрақұрылыммен бірге пайдаланылатын инфрақұрылымдық бағдарламалық жасақтаманы немесе кез келген сенімді қолтаңбаларды, ашық кілттерді, үшінші тарап сертификаттары мен қатысты қызметтерді немесе түпнұсқалық растауды не түпнұсқалық растау әдісін таңдаумен, олардың дәлдігімен немесе сенімділігімен шектелместен, жауап бермейді. Сіз қолданыстағы криптографиялық инфрақұрылымын, сертификаттарды, ашық кілттерді және белгілі бір Жұмыс үстелінің криптографиялық жұмысымен бірге пайдалануға болатын басқа да қызметтерді не бағдарламалық жасақтаманы пайдалануыңызға қатысты шарттар мен талаптарды, ережелер мен нормаларды сақтайтыныңызға жауаптысыз. RIM КОМПАНИЯСЫ ЖҰМЫС ҮСТЕЛІНІҢ КРИПТОГРАФИЯЛЫҚ ЖҰМЫСЫНАН НЕМЕСЕ СОҒАН ҚАТЫСТЫ ТУЫНДАЙТЫН КЕЗ КЕЛГЕН МӘСЕЛЕГЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АРТПАЙДЫ.

7. Зияткерлік меншік. Не Сіз, не Өкілетті Пайдаланушыларыңыз осы құжатпен меншік құқығын, зияткерлік меншік құқығын немесе басқа меншік құқықтарын, оның ішінде патенттерді, дизайндарды, сауда белгілерін, авторлық құқықты, дерекқор құқықтарын немесе құпия ақпаратқа немесе сауда құпияларына қатысты, BlackBerry Solution өніміңізге не оның кез келген бөлігіне қатысты құқықтарды сатып алмайды. Сондай-ақ, Сіз осы Келісімде тікелей лицензия берілген немесе RIM компаниясымен жасауыңыз мүмкін жазбаша келісімде өзара келісілген құқықтардан басқа BlackBerry Solution өніміңізге не оның кез келген бөлігіне қатысты лицензиялық құқықтарды сатып алмайсыз. Ешқандай RIM өнім(дер)іне (бар болса) ие болу құқығы осы Келісім негізінде берілмейді. Осы Келісімде тікелей берілмеген құқықтар тікелей сақталады. Түсінікті болуы үшін осы Келісімдегі тағы басқа шарттарға қарамастан, осы құжат арқылы Бағдарламалық жасақтамада берілген лицензиялар ешқашан Үшінші тарап қызметтері немесе "Үшінші тарап элементтері" бөлек немесе BlackBerry Solution өніміңізбен бірге пайдаланылуы үшін кеңейтілмейді немесе кеңейтілуі жөнінде талқыланбайды және жоғарыда айтылғандармен шектелместен, осы Келісімге сәйкес берілген лицензиялар ешқашан осындай Үшінші тарап қызметтерінің немесе Үшінші тарап элементтерінің жеткізушісі мұндай Үшінші тарап қызметтерін немесе Үшінші тарап элементтерін не BlackBerry Solution өнімінің барлығымен не бір бөлігімен бірге, не бөлек пайдалануға RIM компаниясының патенттері бойынша Бағдарламалық жасақтамаға осы Келісімге сәйкес лицензия берілгені туралы жайт негізінде лицензия берілгенін сәтті бекіте алатыны туралы талқыланбайды. Бағдарламалық жасақтамаға, оның ішінде Бағдарламалық жасақтамадан жасалатын көшірмелерге ғана лицензия беріледі, бірақ Сізге сатылмайды және Бағдарламалық жасақтама, барлық Құжаттама және Қызметтерге кіруге мүмкіндік беретін тарап(тар) Канада, АҚШ және халықаралық авторлық құқық және патент туралы заңдар және халықаралық келісім-шарт ережелері бойынша қорғалады. Зияткерлік меншік құқығының бұзылуына арналған қатаң азаматтық және қылмыстық жазалаулар бар. Сіз бұл Келісімдегі ешқандай шарттың құқықтарға және құқықтық қорғану құралдарына, оның ішінде RIM компаниясының зияткерлік меншігін немесе басқа меншік құқықтарын қорғауға қатысты қолданыстағы заңдар бойынша RIM компаниясы тарапынан тыйым салу әрекетіне кері әсер етпейтінін сізге келісесіз.

8. Cisco лицензияларын екінші рет бермеу. Егер BlackBerry Solution өніміңізде Cisco технологиясы болса, Cisco технологиясын пайдалану құқығыңызды қарастыру кезінде Сіз Cisco технологиясына қатысты патенттік құқықтарын Cisco компаниясына, Cisco тұтынушыларына, Cisco дистрибьюторларына немесе Cisco технологиясын қолданатын немесе орындайтын өнімдерді жасауға, жасап болуға, пайдалануға, сатуға, сатуға ұсыну немесе импорттауға Cisco технологиясының лицензиясын алушыларға қарсы бекітпейтініне келісесіз. Осы Келісімнің мақсаттары үшін "Cisco технологиясы" бағдарламалық жасақтаманы, жеңіл күшейтілген түпнұсқасы растау протоколын ("ЖКТРП"), ЖКТРП сипаттамаларын, Cisco Client Extensions технологиясын, техникалық ақпаратты және ЖКТРП және/немесе Cisco Client Extensions технологиясына тиісінше қатысты болатын алгоритмдерді білдіреді.

9. Экспорттауға, Импорттауға және Пайдалануға Қойылатын Шектеулер және АҚШ Мемлекеттік Лицензиялары.

- (а) Сіз RIM өнімдері мен Бағдарламалық Жасақтамаға қолданысты заңмен, кез келген заңдар, ережелер, жарғылар, жарлықтар, қаулықтар, инструкциялар, бұйрықтар, шешімдер, байламдар, саясаттар және басқа ұқсас осындай құжаттар, Үкімет Органдары (әрі қарай анықталғандай) белгілеген басқару жүйесін экспорттай, импорттайтын және/немесе пайдаланатын криптографиялық технология кіретінін растайсыз. Сіз RIM өнімдері мен Бағдарламалық жасақтамасының ұлттық және/немесе басқа (жергілікті және/немесе жоғары ұлттық) үкімет органдарының қолданысты заңдары, кез келген заңдар, ережелер, жарғылар, жарлықтар, қаулықтар, инструкциялар, бұйрықтар, шешімдер, байламдар, саясаттар және басқа ұқсас осындай құжаттар сәйкес жағдайдан басқа кезде RIM өнімдері мен Бағдарламалық жасақтама экспортталып немесе импортталып жатқан ел(дер)ге және/немесе аумаққа(тарға) (жалпы айтқанда, "Үкімет Орган(дар)ы") экспортталмайтынына, импортталмайтынына, пайдаланылмайтынына, үшінші тұлғаларға

берілмейтініне немесе қайта экспортталмайтынына келісесіз. Айтылғандармен шектелместен, Сіз RIM өнімдері мен Бағдарламалық жасақтаманың мына елдер мен тұлғаларға экспортталмайтынына келісесіз: (i) Канаданың Аумақ Бақылау Тізіміндегі елдерге; (ii) БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі сауда-саттықпен айналысуға тыйым салған елге; (iii) керісінше 5505 нөмірлі Канаданың экспорт бақылау тізіміне; (iv) АҚШ экономикалық санкция жариялаған және сауда-саттықпен айналысуға тыйым салған елдерге; және (v) АҚШ экспорттық немесе АҚШ түпнұсқа тауарларын алуға тыйым салынған тұлғалар немесе кәсіпорындар. Егер осы Бөлімге қатысты сұрағыңыз болса, RIM компаниясына мына мекенжай бойынша хабарласыңыз: legalinfo@rim.com. Сіз осы құжатпен мыналарды білдіресіз: (A) Алған біліміңізге қарай Сіз RIM өнім(дер)і мен Бағдарламалық жасақтаманы қолданыстағы заң бойынша алуға құқылысыз; (B) Сіз RIM өнімдері мен Бағдарламалық жасақтаманы химиялық, биологиялық немесе атом бомбаларын немесе олардың реактивті жеткізу жүйелерін немесе осындай бомбаларда немесе олардың реактивті жеткізу жүйелерінде пайдаланылатын материалдарды немесе жабдықты дамытуға, жасауға, қолдануға, жөндеуге, сақтауға, табуға, анықтауға немесе таратуға немесе осындай әрекетпен айналысатын жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаға қайта сатуға немесе экспорттауға пайдаланбайды; және (C) Сіз Өкілетті Пайдаланушылардың жоғарыда айтылған шектеулерге сәйкес, RIM өнім(дер)і мен Бағдарламалық жасақтаманы пайдаланғанына көз жеткізесіз. Үшінші тараппен жасалған кез келген келісімге немесе кез келген заң ережесіне, нормаға не саясатқа қарамастан, егер Сіз Америка Құрама Штаттарының мемлекеттік агенттігі болсаңыз, Сіз бен RIM компаниясы арасындағы жазбаша келісімге RIM компаниясы тікелей келісім бермейінше және RIM компаниясының Бас Операциялық Директоры немесе Бас Басқарушы Директоры қол қоймайынша, Бағдарламалық жасақтамаға қатысты құқықтарыңыз осы Келісім бойынша берілген құқықтардан басым болмауы керек.

- (b) Сіз осы құжатпен RIM компаниясын, RIM Компаниялар Тобын және Эфир қызметі провайдерін осы Бөлімдегі мақұлдаулармен, келісімдермен және растаулармен сәйкес әрекет етуден туындаған талаптардан, әрекеттерден, жауапкершіліктен немесе шығындардан (оның ішінде заңгерлердің жөнді ақылары мен шығандарынан) қорғауға келісесіз.

10. Қауіпсіздік. BlackBerry Solution өніміңіз Тасымалы өніміңіз бен қолданылатын компьютер жүйесі арасындағы байланыстар үшін шифрлау деректерінің қауіпсіздік деңгейін пайдаланады. Сіз Тасымалы өніміңіз бен осындай компьютер жүйесіне кіруді бақылау үшін тиісті қауіпсіздік шараларын құру жауапкершілігін толығымен жүктеуге келісесіз.

11. Құпиялылық және кері жобалауға тыйым салу. Сіз Бағдарламалық жасақтаманың: (a) RIM және/немесе RIM Компаниялар Тобының көп уақыт және шығын кетуімен әзірленгенін; және (b) Бағдарламалық жасақтама мен онымен байланысты ККЛ-лар құрамында құпия ақпараттың, оның ішінде RIM, RIM Компаниялар Тобының және олардың жеткізушілерінің сауда құпиялары болатынын растап келісесіз. Бұл Келісім Сізге RIM компаниясынан немесе оның дистрибьюторларынан Бағдарламалық жасақтамаға арналған кез келген код алу құқығын бермейді және RIM компаниясына заң бойынша осындай әрекеттерге тыйым салуға тікелей жол бермейтін жағдайдан басқа кезде Сіз не Сіздің, не Өкілетті Пайдаланушыларыңыздың туынды жұмыстарды өзгертпейтініне, түрлендірмейтініне, бейімдейтініне, Бағдарламалық жасақтаманы және/немесе ККЛ-ларды байланысты аудармайтынына, зақымдамайтынына немесе қайта құрастырмайтынына немесе осы әрекеттерді жасауға талпынбайтынына немесе басқа кез келген тарапқа осы әрекеттерді жасауға рұқсат етпейтініне, келіспейтініне, рұқсат бермейтініне немесе мәжбүрлемейтініне келісесіз. Осы Келісімнің мақсатына "Қайтар құрастыруға" деректерді, бағдарламалық жасақтаманы (оның ішінде интерфейстер, протоколдар және техникалық жолмен қарастырылған бағдарламалық код болуы мүмкін немесе мүмкін емес бағдарламалармен бірге қамтылған немесе

пайдаланылатын басқа деректер), қызметті немесе аппараттық жасақтаманы немесе кез келген ақпаратты, деректерді немесе бағдарламалық жасақтаманы бір үлгіден адамға түсінікті үлгіге алу немесе түрлендіру әдісін немесе процесін қайта құрастыру әрекеті, аудару, бөлшектеу, декомпиляция жасау, шифрларын ашу немесе шашу (оның ішінде "RAM/ROM немесе тұрақты еске сақтау құралын босату", "кабельдік немесе сымсыз желіні тындау" немесе "қара жәшікті" қайта құрастыру) кіреді.

12. Мерзім. Бұл Келісімнің шарттарын (жоғарыдағы кіріспе бөлімде айтылғандай) орындауға келіскеніңізден кейін бұл Келісім күшіне енеді және осы құжатта белгіленген ережелерге сәйкес аяқталғанша күшінде қала береді.

Жоғарыда айтылғандарға қарамастан, осы Келісімге отырғаннан кейін RIM компаниясы тегін және Үшінші тарап қызметтеріне өтуге мүмкіндік беру үшін жасалған кез келген қосымша BlackBerry Handheld Software бағдарламасын Сізге берсе немесе басқаша қол жетімді етсе, онда сол BlackBerry Handheld Software бағдарламасының Үшінші тарап қызметтеріне сенімділігінен, RIM компаниясы сол тегін BlackBerry Handheld Software бағдарламасын кез келген уақытта, кез келген себеппен, Сізге ескертпестен тоқтату құқығын өзіне қалдырады, бірақ міндетті емес; дегенмен, егер орындалатын болса, RIM компаниясы сізге тоқтатылу туралы ескерту үшін коммерциялық тұрғыдан тиімді тәсілдерді пайдаланады.

13. Қорғау Және Міндетемелерді Бұзуға Байланысты Токтату Құралдары.

- (a) Егер Сіз немесе Өкілетті Пайдаланушыларыңыз бұл Келісімді бұзса, RIM компаниясы осы Келісімде берілген басқа барлық құқықтар мен құралдардан басқа немесе заң бойынша бұл Келісімді және Сіз немесе Өкілетті Пайдаланушыларыңыз Бағдарламалық жасақтамамен пайдаланған BlackBerry Solution өніміңіздің кез келген бөлігіне арналған Сіз бен RIM арасындағы кез келген басқа лицензиялық келісімді дереу тоқтатуға; және/немесе BlackBerry Solution өніміңізге қатысты кез келген Қызметті(терді) Сізге немесе Өкілетті Пайдаланушыларыңызға беруді тоқтатуға құқылы. RIM компаниясын дұрыс байланыс ақпаратпен қамтамасыз еткен жерде RIM компаниясы Сізге тоқтатылуы туралы ескертуге тиісті.
- (b) Жоғарыда айтылған сөйлеммен шектелместен, Сіз осы Келісімді бұзған болып саналасыз, ал RIM компаниясы бұл Келісімді мына жағдайларда ескерткеннен кейін тоқтатуға құқылы болады:
 - (i) Сіз немесе Өкілетті Пайдаланушыларыңыз осы құжаттағы кез келген шартты немесе талапты сақтамағанда;
 - (ii) Сіз материалдық жағынан басқа лицензиялық келісімді немесе Сіз немесе Өкілетті Пайдаланушыларыңыз Бағдарламалық жасақтамамен пайдаланған BlackBerry Solution өніміңіздің кез келген бөлігіне арналған RIM компаниясымен бірге болуы мүмкін қызметтің шарттарын, оның ішінде RIM веб-сайтында немесе басқаша келіскен интерактивті немесе орауыштағы келісімнің шарттарын бұзғаныңызда;
 - (iii) Сіз немесе Өкілетті Пайдаланушыларыңыздың кез келгені RIM тұтынушыларының қызметіне немесе бизнес операцияларға кедергі келтіргенде; немесе
 - (iv) BlackBerry Solution өніміңізді пайдаланумен байланысты ай сайынғы немесе басқа мерзімдік ақылар немесе шығындар төлеуге міндетті отыз (30) күн ішінде төленбегенде.

- (с) Қосымша ретте, егер RIM компаниясына кез келген Қызметтің кез келген бөлігін немесе барлығын беруге немесе Эфир қызметтерін сатудан, қолданыста болғанда, қандайда бір заң, норма немесе сот немесе басқа мемлекеттік органнан алынған үлгімен берілген ережелер бойынша сатуға кедергі келтірсе немесе егер мемлекеттік агенттік немесе департаменттен келген ескертуде RIM компаниясына немесе Эфир қызметі провайдеріне Эфир қызметтерінің кез келген бөлігін немесе барлығын, қолданыста болғанда, беруге рұқсат етілмесе, RIM компаниясы бұл Келісімді тоқтатуға және/немесе Қызметті(терді) Сізге немесе Өкілетті Пайдаланушыларыңызға ешқандай жауапкершіліксіз дереу тоқтатуға құқылы.
- (d) RIM компаниясынан осындай заңнан, ережеден, нормадан немесе шектеуден бас тартуды іздеуді немесе сот қарарын немесе сот үкімінің өтінішін іздеуді талап ету үшін бұл құжаттағы ешқандай шарт талқыланбайды. RIM компаниясы осы Бөлімге сәйкес бұл Келісімнің тоқатылуынан немесе тоқатылуына қатысты туындаған Сізге немесе Өкілетті Пайдаланушыларыңызға жауапты болмайды.

14. Тоқтатылу күші. Осы Келісім тоқтатылғаннан кейін, себеп болғанымен, немесе егер абонементіңіздің немесе Бағдарламалық жасақтаманың тегін сынақ нұсқасының мерзімі бітсе: (а) Сіз Бағдарламалық жасақтаманы (немесе лицензиясы біткен Бағдарламалық жасақтама элементін) пайдалануды дереу тоқтатып, Сіздің және/немесе Өкілетті Пайдаланушыларыңыздың иелігіндегі немесе бақылауындағы аталған Бағдарламалық жасақтаманың барлық көшірмелерін қайтарасыз; және (b) RIM компаниясы Сізге ескертпей осындай Бағдарламалық жасақтамаға және одан деректер жіберуге тыйым салуға құқылы болады. RIM компаниясындағы есептік жазбаңыз тоқтатылғаннан кейін, Сіз RIM компаниясына файлдарды, бағдарламаларды, деректерді және осындай есептік жазбамен байланысты электрондық пошта хабарларын Сізге ескертпестен жоюға рұқсат бересіз. Осы Келісімнің ережелеріне сәйкес RIM компаниясы осы Келісімді тоқтатқан жағдайда, Сіз RIM компаниясына барлық ақыларды (оның ішінде заңгерлердің жөнді ақылар мен шығындарын) және осы Келісімге сәйкес құқықтардың орындалуы кезінде RIM компаниясы келтірген шығындарды төлейсіз. Жоғарыда айтылғандарға қарамастан, Бағдарламалық жасақтаманың табиғатына байланысты, Бағдарламалық жасақтаманы қайтару мүмкін емес, себебі Бағдарламалық жасақтама сіздің иелігіңіздегі аппараттық жасақтамамен (мысалы, Тасымалы өніммен) біріктірілген және/немесе Бағдарламалық жасақтама қайтарылғанның барлығы жұмыс үстеліне немесе серверге орнатылуы мүмкін Бағдарламалық жасақтаманың қайта жасалған көшірмесі болып табылады. Мұндай жағдайларда, қосымша нұсқаулар алу үшін RIM компаниясына legalinfo@rim.com мекенжайы бойынша хабарласыңыз.

15. Құқықтық қорғау/Жауапкершілік. Сіз RIM компаниясын, RIM Компаниялар Тобын, RIM компаниясының аффилиирленген тұлғаларын, жеткізушілерін, мұрагерлерін, агенттерін, өкілетті дистрибьюторларын, құқықтық мирасқорларын және директорларының, қызметкерлерінің әрқайсысын және тәуелсіз мердігерлерді (әрқайсысы "RIM қорғалған тарабы) RIM қорғалған тараптары мына жағдайлардан туындағанда қоятын талаптардан, зақымдардан, шығындардан (оның ішінде заңгерлердің жөнді ақылар мен шығындар) қорғайсыз, өтейсіз және зиян шектірмей ұстап тұрасыз: (а) құрылғыны (Тасымалы өнімнен басқа), жүйені немесе қызметті BlackBerry Solution өніміңізге немесе оның кез келген бөлігіне байланысты біріктіруден немесе пайдаланудан туындаған патенттердің немесе басқа зияткерлік не меншік құқықтарының бұзылуы; (b) Келісімнің мына Бөлімдерінің кез келгенінің бұзылуынан келтірілген зақымдар: "Жұмыс үстелінің криптографиялық қолдауы" (6-бөлім), "BlackBerry Solution өніміңізді пайдаланылу" (3-бөлім), "Бағдарламалық жасақтама және Құжаттама лицензиясы" (2-бөлім), "Міндетті үшінші тарап элементтері" (4(a)-бөлім), "Эфир қызметтері" (4(b)-бөлім), "Міндетті үшінші тарап қызметтері" (4(c)-бөлім), "Зияткерлік меншік" (7-бөлім), "Экспорттауға, импорттауға және пайдалануға қойылатын шектеулер және АҚШ мемлекеттік лицензиялары" (9-бөлім), "Құпиялық және кері жобалауға тыйым салу" (11-бөлім); (с) Сіздің немесе Өкілетті Пайдаланушыларыңыздың BlackBerry Solution өніміңізді не оның кез келген бөлігін пайдалануына байланысты Сіздің немесе Өкілетті

Пайдаланушыларыңыздың салақтығынан немесе тәртіпсіздігінен салынған адам жаракаты, өлімі немесе мүлік зақымдалуы; немесе (d) Сіздің немесе Өкілетті Пайдаланушыларыңыздың Бағдарламалық жасақтаманы немесе BlackBerry Solution өніміңізді не оның кез келген бөлігін (оның ішінде Бағдарламалық жасақтаманың және/немесе RIM өнімдерінің осындай нұсқасына қатысы бар осы Келісімнің шарттары мен Құжаттамаға байланысты қатаң қарастырылған тек RIM өнімін, Бағдарламалық жасақтаманы және/немесе Қызметті пайдаланудан туындайтын талаптардан басқа) пайдалануынан туындаған және соған қатысты RIM компаниясына үшінші тараптар қойған талаптар. RIM компаниясы бойынша осы құжатта талқыланған құрал осы құжатта берілген басқа кез келген құралдан ерекше немесе заң немесе әділеттілік бойынша рұқсат етілмеген болады не болып қарастырылмауы керек, бірақ барлық мұндай құралдар жалпы болып табылады.

16. Шектеулі кепілдіктер.

(a) Бағдарламалық жасақтама.

- (i) Егер Бағдарламалық жасақтама сізге жеткізілгеннен кейін тоқсан күндік (90) мерзім ("Кепілдік мерзімі") ішінде RIM компаниясы немесе кез келген RIM компаниясының өкілетті дистрибьюторы ұсынған Бағдарламалық жасақтама BlackBerry Solution өнімінің өзгертілмеген бөліктерімен бірге Бағдарламалық жасақтаманың белгілі бір түріне немесе нұсқасына қолданылатын Құжаттамада RIM компаниясы көрсеткендей жолмен пайдаланылған кезде стандартты соңғы пайдаланушының Құжаттамасында ("Техникалық сипаттама") сипатталған функцияларды орындай алмаса, RIM өзінің таңдауы және ұйғаруы бойынша не мұндай ақаулықтарды жөндеуге немесе Сізге айналып өту әдісін ұсынады (мұндай жөндеу немесе айналып өту әдісі Сізге RIM компаниясының орынды ұйғарымы бойынша алуан түрлердің бірі арқылы, соның ішінде Сізге телефон немесе электрондық пошта арқылы тұтынушыларға көрсетілетін қолдау беру түрінде, жалпыға қол жетімді бағдарламалық жасақтаманың қателері жөнделген шығарылымымен, RIM компаниясының веб-сайтында немесе RIM компаниясы сізге кеңес беретін кез келген басқа бір түрде ұсынылуы мүмкін), не Сіз Бағдарламалық жасақтама мен Сізге Бағдарламалық жасақтама жазылған ақпарат тасығышты пайдалануды тоқтатып, олармен байланысты барлық буманы RIM компаниясына әдеттегі кепілдік бойынша қайтарып беру механизміне сәйкес (егер бар болса, эфир қызметі провайдері немесе сатып алған жер арқылы) Кепілдік мерзімі ішінде сатып алғаныңызды дәлелдейтін құжатпен бірге қайтарып берсеңіз, Сіз төлеген бір реттік төлемдерді Сізге қайтарып береді.
- (ii) Осы Келісімдегі керісінше жағдайлар туралы қандай да бір ережелерге қарамастан, Сізге тегін берілетін жаңартулар мен жетілдірулер "СОЛ ҚАЛПЫНДА" және ешбір түрдегі кепілдіктерсіз беріледі.
- (iii) Сіз қосымша лицензиялық ақыларын төлеген жаңартулар мен жетілдірулерге қандай да бір Бағдарламалық жасақтаманың жетілдіруі Сізге жеткізілген күннен бастап тоқсан (90) күн бойы жоғарыда көрсетілгендей кепілдік қолданылады.
- (iv) Жоғарыда көрсетілген міндеттеме Бағдарламалық жасақтама Техникалық сипаттамада суреттелген функцияларды мына себептерге байланысты орындамаған жағдайда қолданылмайды: (А) бағдарламалық жасақтаманы осы Келісімнің "Міндетті үшінші тарап элементтері" (4(a) бөлімі), "Эфир қызметтері" (4(b) бөлімі), "Міндетті үшінші тарап қызметтері" (4(c) бөлімі), "Жұмыс үстелінің криптографиялық қолдауы" (6-бөлім), "BlackBerry Solution өнімін пайдалану" (3-бөлім), "Бағдарламалық жасақтама және Құжаттама лицензиясы" (2-бөлім), "Экспорттауға, импорттауға және пайдалануға қойылатын шектеулер және АҚШ мемлекеттік лицензиялары" (9-бөлім) немесе "Күпиялық және кері жобалауға тыйым салу" (11-бөлім) деп аталатын бөлімдерінде көрсетілген Сіздің

міндеттеріңізге сай келмейтін, не болмаса Бағдарламалық жасақтаманың белгілі бір түріне және нұсқасына қолданылатын Құжаттамада RIM компаниясы көрсеткен нұсқауларға, соның ішінде қауіпсіздік нұсқауларына сай келмейтін жолмен пайдалану; немесе (B) Сіздегі BlackBerry Solution өнімінің басқа бөліктерінен басқа қандай да бір жабдықпен (соның ішінде ақаулығы бар Үшінші тараптардың тасымалы өнімдерінен туындайтын), желімен немесе байланыс жүйесімен байланысты дұрыс жұмыс істемеу немесе басқа мәселе; немесе (C) оқыс жағдай, апат, электростатикалық разряд, өрт, су тасқыны, найзағай, су басуы немесе дауыл, RIM компаниясы рұқсат бермеген жөнделулерге немесе өзгерістерге байланысты Бағдарламалық жасақтамадан басқа бағдарламалық жасақтамаларға тән қателерді немесе кемшіліктерді түзету Бағдарламалық жасақтамаға, соның ішінде Бағдарламалық жасақтама жазылған ақпарат тасығышқа әсерін тигізетін қандай да бір сыртқы себептер.

- (v) Нақтылау мақсатында, егер қолданыстағы заң бойынша басқаша талап етілмесе, бұл кепілдік жаңа Тасымалы өнімдердегі BlackBerry Handheld Software бағдарламалық жасақтамасына қолданылады және пайдаланылған немесе жаңартылған Тасымалы өнімдермен бірге берілетін BlackBerry Handheld Software бағдарламалық жасақтамасына қолданылмайды.
 - (vi) Бағдарламалық жасақтаманың қосымша элементтерін (Тасымалы өніммен бірге алынған Бағдарламалық жасақтама құрастырылымына жаңартулар болып табылатын) өнімді сатып алғаннан кейін тегін жүктеп алуға немесе тегін Сервер бағдарламалық жасақтамасына кепілдік берілмейді. Егер мұндай Бағдарламалық жасақтаманың қандай да бір элементі Сіз оны Тасымалы өнімге немесе компьютерге тиісінше орнатқаннан кейін тоқсан (90) күн ішінде өзінің Құжаттамасына сәйкес жұмыс істемесе, RIM компаниясына хабарласуыңызға болады және RIM компаниясы, егер бар болса, мұндай Бағдарламалық жасақтамаға көрсетуге болатын қолдауды (мұндай қолдау Сізге RIM компаниясының орынды ұйғарымы бойынша алуан түрлердің бірі арқылы, соның ішінде Сізге телефон немесе электрондық пошта арқылы тұтынушыларға көрсетілетін қолдау беру түрінде, жалпыға қол жетімді бағдарламалық жасақтаманың қателері жөнделген шығарылымымен, RIM компаниясының веб-сайтында немесе RIM компаниясы сізге кеңес беретін кез келген басқа бір түрде ұсынылуы мүмкін) анықтайды.
 - (vii) Сіз мұндай Бағдарламалық жасақтама Үшінші тарап элементтеріне немесе үшінші тарап қызметтеріне қол жеткізуді жеңілдететін жағдайда, RIM КОМПАНИЯСЫ МҰНДАЙ ҮШІНШІ ТАРАП ЭЛЕМЕНТТЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫН, НЕ БОЛМАСА ЖҰМЫС ІСТЕУІН НЕМЕСЕ ІСТЕМЕУІН БАҚЫЛАУЫ ШЕКТЕУЛІ БОЛУЫ НЕМЕСЕ ЖОҚ БОЛУЫ МҰМКІН ЕКЕНДІГІН ЖӘНЕ СІЗ ОСЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАДАН БАЙҚАҒАН АҚАУЛЫҚҚА ЖӨНДЕУ НЕМЕСЕ АЙНАЛЫП ӨТУ ТӘСІЛІН ҰСЫНА АЛМАУЫ МҰМКІН ЕКЕНДІГІН МОЙЫНДАЙСЫЗ ЖӘНЕ ОҒАН КЕЛІСЕСІЗ.
 - (viii) Бұл Бөлімде тек Бағдарламалық жасақтамаға және осы құжатта көрсетілген бағдарламалық жасақтаманың қандай да бір кемшіліктеріне, қателеріне, ақаулықтарына немесе кепілдігінің бұзылуына қатысты RIM компаниясының міндеттері мен Сіздің құқықтарыңызды қорғау үшін қолданатын шараларыңыз берілген.
- (b) Өнім(дер). RIM өнімдеріне арналған шектеулі кепілдік (кел келгені) ("Шектеулі өнім кепілдігі"), бар болса, қолданыстағы Құжаттамада көрсетілген. Шектеулі өнім кепілдігі осы Келісімнің шарттары бойынша сатылған кез келген RIM өніміне арналған ерекше кепілдік болып табылады және RIM өнімдеріне және Шектеулі өнім кепілдігінің бұзылуына қатысты ерекше құқыларыңызды белгілейді. Бұл Келісімнің төмендегі "Жалпы" (26-бөлім)

деп аталатын Бөлімінің мына ішкі бөлімдері сілтеме бойынша Шектеулі өнім кепілдігімен біріктірілген, Шектеулі өнім кепілдігіне қатысты шекпен өзгертулер енгізілген: "Міндетемелерді бұзудан бас тарту" (26(b)-бөлім), "Күшінде қалуы" (26(c)-бөлім), "Тұтастық" (26(e)-бөлім), "Тіл" (26(f)-бөлім) және "Тұтас Келісім" (26(h)). Бұл Келісімді жоғарыда аталғандай қабылдағаныңызды білдіре отырып, Сіз Шектеулі өнім кепілдігін оқып шығып, оның шарттарымен келісетініңізді растайсыз. Түсінікті болуы үшін қолданыстағы заң бойынша қажет етілген шектен басқа жағдайда, "Шектеулі өнім кепілдігі" тек жаңа RIM өнім(дер)іне қолданылады, ал осындай кепілдіктің тепе-теңдігі ғана (егер қандай біреуі болса) кез келген жаңартылған RIM өнім(дер)іне қолданылады.

17. Кепілдіктен кейін қолдау көрсету. Егер RIM компаниясынан кепілдік мерзімі біткеннен кейін қолдау көрсетілгенін қаласаңыз, RIM компаниясына sales@blackberry.com (немесе <http://www.blackberry.com/legal/> сайтында тізімде берілген осындай басқа орын) мекенжайы бойынша немесе Эфир қызметі провайдеріңізге хабарласыңыз. Егер Сіздің атыңыздан Бағдарламалық жасақтама үшінші тарап иелік етсе ("Иелік етуші тарап) және Иелік етуші тарапқа Бағдарламалық жасақтама үшін RIM компаниясы қолдау көрсеткенін қаласаңыз, онда не Сізде, не Иелік етуші тарапта Өкілетті Пайдаланушыларыңызға қажет етілгендей Бағдарламалық жасақтаманың белгілі бір элементтері үшін RIM компаниясымен қолдау көрсету туралы келісім болуы керек және Сіз Бағдарламалық жасақтаманы, лицензия берілген көшірмелер санын қолданыстағы SRP идентификаторлары мен ККЛ-ларымен бірге көрсетіп, электрондық поштамен sales@blackberry.com мекенжайына (немесе <http://www.blackberry.com/legal/> сайтында тізімде берілген осындай басқа орын) хабар жіберу арқылы Сіздің атыңыздан иелік етілген Бағдарламалық жасақтаманы RIM компаниясынан арасында жаңартуға тиістісіз. BlackBerry Solution өніміңізге қолдау кейбір Эфир қызметі провайдерлеріңіз арқылы көрсетілмеуі мүмкін.

18. Деректердің сақтық көшірмесін жасау/өшіру талабы. RIM компаниясы барлық электрондық пошта хабарларының, мазмұнның, сатып алынған Үшінші тарап бағдарламалық жасақтамасының және/немесе Тасымалы өніміңіздегі басқа деректердің сақтық көшірмесін жасап отыруыңызды ұсынады, себебі мұндай деректер көп жағдайда сақталмайды немесе RIM не оның атынан сақтық көшірмесі жасалмайды. Егер Сіз Тасымалы өніміңізді (Келісім рұқсат бергендей) қандай да бір себеппен, оның ішінде шектелместен, Тасымалы өніміңіздің қызметіне байланысты берсеңіз, Сіз Тасымалы өніміңізден барлық деректерді өшіруге және барлық кеңейтілген еске сақтау құрылғыларын алып тастауға тиістісіз, болмаса бұл деректер сол Берген Өнімді сатып алған тұлғаға қол жетімді болады және Сіз Тасымалы өніммен бірге түпнұсқа күйінде жеткізілмеген бағдарламалық жасақтаманы қайта орнатуға тиістісіз.

19. Жауапкершіліктен бас тарту.

КЕЙБІР ЮРИСДИКЦИЯЛАРДЫҢ ЗАҢДАРЫ ТҰТЫНУШЫЛАРМЕН ЖАСАЛАТЫН КЕЛІСІМ-ШАРТТАРДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ ШЕКТЕЛУІНЕ НЕМЕСЕ КЕПІЛДІКТЕРДІҢ, ШАРТТАРДЫҢ, МАҚҰЛДАУЛАРДЫҢ, КЕПІЛДЕМЕЛЕРДІҢ НЕМЕСЕ РАСТАУЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫНА РҰҚСАТ БЕРМЕУІ МҮМКІН ЖӘНЕ СІЗ ТҰТЫНУШЫ БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА БҰЛ ЕРЕКШЕЛІКТЕР СІЗГЕ ҚАТЫСТЫ БОЛМАУЫ МҮМКІН.

(a) Жалпы кепілдіктер.

(i) ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢМЕН РҰҚСАТ ЕТІЛГЕНДЕ, БҰЛ КЕЛІСІМДЕ ТІКЕЛЕЙ АЙТЫЛҒАН БАСҚА ЖАҒДАЙДА, БАРЛЫҚ ТАЛАПТАРДАН, МАҚҰЛДАУЛАРДАН, КЕПІЛДІКТЕРТЕН, РАСТАУЛАРДАН НЕМЕСЕ КЕЗ КЕЛГЕН ҮЛГІДЕГІ КЕПІЛДІКТЕРДЕН, ТІКЕЛЕЙ НЕМЕСЕ ЗАҢҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БОЛМАСЫН, ОНЫҢ ІШІНДЕ ҰЗАҚТЫҒЫ, БЕЛГІЛІ БІР МАҚСАТҚА ПАЙДАЛАНУҒА ҚОЛАЙЛЫЛЫҒЫ, САТУҒА ЖАРАМДЫЛЫҒЫ, ӨТІМДІ САПАСЫ, ЗАҢ БҰЗБАЙТЫНДЫҒЫ, ҚАНАҒАТТАНАРЛЫҚ САПАСЫ, МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ ТУРАЛЫ НЕМЕСЕ

ЖАРҒЫДАН НЕ КӘДІМГІ ҚҰҚЫҚТАН НЕМЕСЕ САУДАМЕН АЙНАЛЫСУ НЕ ПАЙДАЛАНУ БАРЫСЫНАН ТУЫНДАЙТЫН КЕЗ КЕЛГЕН ТАЛАПТАРМЕН, МАҚҰЛДАУЛАРМЕН, КЕПІЛДЕМЕЛЕРМЕН, РАСТАУЛАРМЕН, КЕПІЛДІКТЕРМЕН ШЕКТЕЛМЕСТЕН ЖӘНЕ БАРЛЫҚ БАСҚА КЕПІЛДІКТЕРДЕН, РАСТАУЛАРДАН, ТАЛАПТАРДАН, МАҚҰЛДАУЛАРДАН НЕМЕСЕ КЕЗ КЕЛГЕН ҮЛГІДЕГІ КЕПІЛДЕМЕЛЕРДЕН, ТІКЕЛЕЙ БІЛДІРТСЕ НЕМЕСЕ БОЛЖАТҚЫЗСА, ОСЫ ҚҰЖАТТА ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢ БОЙЫНША РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ЖАҒДАЙДА БАС ТАРТЫЛАДЫ ЖӘНЕ АЛЫНЫП ТАСТАЛАДЫ.

(ii) Қолданыстағы заң бойынша рұқсат етілген жағдайда, Бағдарламалық жасақтамаға қатысты заңға негізделген кепілдіктен немесе талаптар жоғарыда айтылғандай алынып тасталмаған жағдайда, олар осы құжатпен BlackBerry Solution өніміңіздің кез келген бөлігін кез келген компьютерге бірінші рет орнатқан күннен бастап тоқсан (90) күнмен шектеледі.

(b) Қызмет(тер).

(i) ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢ БОЙЫНША АРНАЙЫ ТҮЙІМ САЛЫНҒАН КЕЗДЕН БАСҚА ЖАҒДАЙДА, ӘР ҚЫЗМЕТ ТҮРІ "СОЛ ҚАЛПЫНДА" ЖӘНЕ "БАР КҮЙІНДЕ" RIM КОМПАНИЯСЫ БЕРГЕН ШАРТСЫЗ, РАСТАУСЫЗ, КЕПІЛДЕМЕСІЗ, ӨТІНІШСІЗ НЕМЕСЕ КЕЗ КЕЛГЕН ҮЛГІДЕГІ КЕПІЛДІКСІЗ БЕРІЛЕДІ НЕМЕСЕ ҚОЛ ЖЕТІМДІ БОЛАДЫ.

(ii) RIM КОМПАНИЯСЫ КЕЗ КЕЛГЕН ҚЫЗМЕТТІ ҮЗБЕЙ ПАЙДАЛАНУДЫҢ НЕМЕСЕ ҚОЛДАНУДЫҢ, КЕЗ КЕЛГЕН ҚЫЗМЕТТІ ҰЗАҚ УАҚЫТ ҚОЛ ЖЕТІМДІ ЕТУДІҢ НЕМЕСЕ СІЗ ЖІБЕРГЕН НЕ СІЗГЕ ЖІБЕРІЛГЕН ХАБАРЛАРДЫҢ, МАЗМҰННЫҢ НЕМЕСЕ АҚПАРАТТЫҢ ДӘЛ БОЛАТЫНЫНА, БҮЛІНБЕЙ НЕМЕСЕ ЗЕРДЕЛІ УАҚЫТ МЕРЗІМІНДЕ БЕРІЛЕТІНІНЕ КЕПІЛДІК БЕРМЕЙ НЕМЕСЕ БАСҚАША КЕПІЛДЕМЕ БЕРМЕЙДІ.

(c) Үшінші тарап элементтері және Үшінші тарап қызметтері, сілтеме жасалған сайттар.

(i) ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢ БОЙЫНША АРНАЙЫ ТҮЙІМ САЛЫНҒАН КЕЗДЕН БАСҚА ЖАҒДАЙДА, ҮШІНШІ ТАРАП ҚЫЗМЕТТЕРІ МЕН ҮШІНШІ ТАРАП ЭЛЕМЕНТТЕРІ RIM КОМПАНИЯСЫНЫҢ БАҚЫЛАУЫНДА ЕМЕС, RIM КОМПАНИЯСЫ БЕЛГІЛІ БІР ҮШІНШІ ТАРАП ЭЛЕМЕНТТЕРІН НЕМЕСЕ БЕЛГІЛІ БІР ҮШІНШІ ТАРАП ҚЫЗМЕТТЕРІН РАСТАМАЙДЫ, СОНЫМЕН БІРГЕ RIM КОМПАНИЯСЫ ҮШІНШІ ТАРАП ҚЫЗМЕТТЕРІН НЕМЕСЕ ҮШІНШІ ТАРАП ЭЛЕМЕНТТЕРІН ТАҢДАУЫҢЫЗҒА, ПАЙДАЛАНУЫҢЫЗҒА, ОЛАРҒА ӨТУІҢІЗГЕ НЕМЕСЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУЫҢЫЗҒА ЖАУАПТЫ ЕМЕС.

(ii) ЖОҒАРЫДА АТАЛҒАНДАР МЫНАЛАРҒА ҚАРАМАСТАН ҚОЛДАНЫЛАДЫ: (А) ҮШІНШІ ТАРАП ЭЛЕМЕНТТЕРІНЕ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ҮШІНШІ ТАРАП ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ ҚАТЫНАСТЫ, БАСҚАША АЙТҚАНДА, RIM КОМПАНИЯСЫНЫҢ НЕМЕСЕ ЭФИР ҚЫЗМЕТІ ПРОВАЙДЕРІҢІЗДІҢ ҚАТЫСЫНСЫЗ НЕМЕСЕ СОЛАР АРҚЫЛЫ АЛУ ЖОЛДАРЫҢЫЗ; (В) BLACKBERRY SOLUTION ӨНІМІҢІЗДІҢ БАРЛЫҒЫН НЕМЕСЕ КЕЗ КЕЛГЕН БӨЛІГІН ПАЙДАЛАНУ ҮШІН МҰНДАЙ ҮШІНШІ ТАРАП ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ НЕМЕСЕ ҮШІНШІ ТАРАП ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ (ОНЫҢ ІШІНДЕ ЭФИР ҚЫЗМЕТТЕРІ) ТАЛАП ЕТІЛУІ; НЕМЕСЕ (С) ҮШІНШІ ТАРАП ЭЛЕМЕНТТЕРІ МЕН ҮШІНШІ ТАРАП ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ ҚАТЫНАСТЫ ТАСЫМАЛЫ ӨНІМНІҢ КӨМЕГІМЕН, ОНЫҢ ІШІНДЕ ШЕКТЕЛМЕСТЕН, БРАУЗЕР НЕМЕСЕ BLACKBERRY HANDHELD SOFTWARE БАҒДАРЛАМАЛЫҚ

ЖАСАҚТАМАСЫНЫҢ БӨЛІГІ РЕТІНДЕ ЖЕТКІЗІЛУІ МҮМКІН BLACKBERRY APP WORLD SOFTWARE АРҚЫЛЫ, БЕЛГІЛІ БІР ҮШІНШІ ТАРАП ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ҮШІНШІ ТАРАП ЭЛЕМЕНТТЕРІНЕ ӨТУІҢІЗДІ ЖЕҢІЛДЕТЕТІН BLACKBERRY HANDHELD SOFTWARE БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАСЫН САТЫП АЛҒАННАН KEЙІН ЖҮКТЕУ АРҚЫЛЫ НЕМЕСЕ ҮШІНШІ ТАРАП БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАСЫНЫҢ НЕМЕСЕ ҮШІНШІ ТАРАП ВЕБ-САЙТТАРЫНЫҢ СІЛТЕМЕЛЕРІНІҢ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ТАСЫМАЛЫ ӨНІМІҢІЗДІҢ БЕЛГІШЕЛЕРІМЕН НЕМЕСЕ БЕТБЕЛГІЛЕРІМЕН СІЗГЕ ҚОЛ ЖЕТІМДІ БОЛҒАН БАСҚА ҮШІНШІ ТАРАП ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ КӨМЕГІМЕН НЕМЕСЕ БАСҚА ВЕБ-САЙТТАРДАҒЫ БАСҚА ҚАНДАЙ ҚҰРАЛДАР БОЛМАСЫН, ОНЫҢ ІШІНДЕ ШЕКТЕЛМЕСТЕН НЕМЕСЕ ТАСЫМАЛЫ ӨНІМІҢІЗДЕН АЛЫНҒАН НЕМЕСЕ RIM КОМПАНИЯСЫ НЕ ЭФИР ҚЫЗМЕТІ ПРОВАЙДЕРІ СІЗГЕ БЕРГЕН АҚПАРАТ АРҚЫЛЫ САТЫП АЛАСЫЗ НЕМЕСЕ ОҒАН ҚОЛ ЖЕТКІЗЕСІЗ.

- (iii) ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАНДАРМЕН ШЕКТЕЛМЕСТЕН, ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢ БОЙЫНША АРНАЙЫ ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН КЕЗДЕН БАСҚА ЖАҒДАЙДА, БАРЛЫҚ ҮШІНШІ ТАРАП ЭЛЕМЕНТТЕРІ МЕН ҮШІНШІ ТАРАП ҚЫЗМЕТТЕРІ RIM КОМПАНИЯСЫНАН БЕРІЛЕДІ НЕМЕСЕ ҚОЛ ЖЕТІМДІ БОЛАДЫ НЕМЕСЕ ОЛАРДЫ СІЗ BLACKBERRY SOLUTION ӨНІМІҢІЗБЕН БАЙЛАНЫСТЫ, "СОЛ ҚАЛПЫҢДА" ЖӘНЕ "БАР КҮЙІНДЕ" НЕГІЗІНДЕ, ЕШҚАНДАЙ ТАЛАПСЫЗ, МАҚҰЛДАУСЫЗ, КЕПІЛДЕМЕСІЗ, РАСТАУСЫЗ НЕМЕСЕ КЕЗ КЕЛГЕН ҮЛГІДЕГІ КЕПІЛДІКСІЗ ПАЙДАЛАНАСЫЗ ЖӘНЕ RIM КОМПАНИЯСЫ ҮШІНШІ ТАРАП ЭЛЕМЕНТТЕРІНЕ НЕМЕСЕ ҮШІНШІ ТАРАП ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕ ҮШІН, ОНЫҢ ІШІНДЕ МЫНА АТАЛАТЫНДАРМЕН ШЕКТЕЛМЕСТЕН, СІЗДІҢ НЕМЕСЕ ҮШІНШІ ТАРАПТЫҢ ТАЛАПТАРЫНА ЖАУАП БЕРМЕЙДІ: (А) ОСЫҢДАЙ ҮШІНШІ ТАРАП ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ НЕМЕСЕ ҮШІНШІ ТАРАП ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ НЕМЕСЕ ОСЫЛАЙША ӨТУГЕ МҮМКІНДІК БЕРУГЕ ҒАНА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫҢ КЕЗ КЕЛГЕН БӨЛІГІНІҢ ДӘЛДІГІ, ЖІБЕРІЛУІ, УАҚЫТТЫЛЫ НЕМЕСЕ ЖАЛҒАСЫП ҚОЛ ЖЕТІМДІ БОЛУЫ; (В) ҮШІНШІ ТАРАП ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ НЕМЕСЕ ҮШІНШІ ТАРАП ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ОРЫНДАЛУЫ НЕМЕСЕ ОРЫНДАЛМАУЫ; НЕМЕСЕ (С) ҮШІНШІ ТАРАП ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ НЕМЕСЕ ҮШІНШІ ТАРАП ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ BLACKBERRY SOLUTION ӨНІМІҢІЗДІҢ БАРЛЫҒЫМЕН НЕМЕСЕ КЕЗ КЕЛГЕН БӨЛІГІМЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТА ҚОЛДАНЫЛУЫ.
- (iv) ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАНДАРМЕН ШЕКТЕЛМЕСТЕН, ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢ БОЙЫНША АРНАЙЫ ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН КЕЗДЕН БАСҚА ЖАҒДАЙДА, СІЗ RIM КОМПАНИЯСЫНЫҢ ВИРУСТАРҒА НЕМЕСЕ ҚАУІП ТӨНДІРЕТІН, ҰЯТСЫЗ, ӘДЕПСІЗ, ЗИЯНДЫ, МАЗАҚ ҚЫЛАТЫН НЕМЕСЕ ЗАҢСЫЗ ҮШІНШІ ТАРАП ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ, ҮШІНШІ ТАРАП ЭЛЕМЕНТТЕРІНЕ НЕМЕСЕ ҮШІНШІ ТАРАПТЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҚҰҚЫҚТАРЫН БҰЗАТЫН ҮШІНШІ ТАРАП ЭЛЕМЕНТТЕРІНЕ НЕМЕСЕ ҮШІНШІ ТАРАП ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ НЕМЕСЕ ОЛАРДЫҢ ЖІБЕРІЛУІНЕ ЖАУАП БЕРМЕЙТІНІНЕ НАҚТЫ ТҮРДЕ КЕЛІСЕСІЗ. ҚАНДАЙДА БІР ҮШІНШІ ТАРАП ЭЛЕМЕНТТЕРІНЕ НЕМЕСЕ ҮШІНШІ ТАРАП ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ОСЫҢДАЙ ТАЛАП ОРЫН АЛҒАН ЖАҒДАЙДА СҰРАҒАН КӨМЕГІҢІЗ ТЕК ТИІСТІ ҮШІНШІ ТАРАПТАРҒА АРНАЛУЫ КЕРЕК.

- (d) Жұмыс Істеу Үшін Маңызды Қосымшалар. BLACKBERRY SOLUTION ӨНІМІҢІЗ БЕН ОНЫҢ КЕЗ КЕЛГЕН БӨЛІГІ ЖҰМЫС ІСТЕУ ҮШІН МАҢЫЗДЫ ҚОСЫМШЫЛАРДА НЕМЕСЕ ҚАУІПСІЗ БАСҚАРУ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ҚАУІПТІ ОРТАЛАРДА, ОНЫҢ ІШІНДЕ ШЕКТЕЛМЕСТЕН, АТОМ БОМБАЛАРЫН ҚОЛДАНУДА, АВИАЦИЯ НАВИГАЦИЯСЫНДА НЕМЕСЕ БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕЛЕРІНДЕ, ӘУЕ ЖОЛДАРЫН БАҚЫЛАУДА ЖӘНЕ ТІРШІЛІКТІ ҚОЛДАУДА НЕМЕСЕ АТОМ БОМБАЛАРЫ ЖҮЙЕЛЕРІНДЕ ПАЙДАЛАНУҒА АРНАЛМАҒАН. ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАНДАРМЕН ШЕКТЕЛМЕСТЕН, СІЗ ДЕРЕКТЕРДІ ЖЕТКІЛІКТІ ДЕНГЕЙДІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРЕТІН ЖӘНЕ САҚТЫҚ КӨШІРМЕЛЕРІН ЖАСАЙТЫН ЖҮЙЕЛЕРДІҢ БАР ЕКЕНІНЕ ЖӘНЕ МЫНА ЖАҒДАЙЛАРДА РАСТАП, BLACKBERRY SOLUTION ӨНІМІҢІЗДІҢ ПАЙДАЛАНЫЛУЫНАН КЕПІЛДІК БЕРЕСІЗ: (i) ПАЙДАЛАНУ НЕМЕСЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҚИЫНДЫҒЫ; НЕМЕСЕ (ii) ДЕРЕКТЕР ЖІБЕРУДЕГІ ҚИЫНДЫҚТАР НЕМЕСЕ ҚАТЕЛЕР; СІЗ ЖОҒАЛУ ӘРЕКЕТТЕРІ МЕН КЕЛГЕН ЗАҚЫМДАРДЫҢ КЕЗ КЕЛГЕНІН ЖӘНЕ БАРЛЫҒЫН ДЕРЕУ КЕМІТУГЕ ЖӘНЕ МҮНДАЙ МӘСЕЛЕЛЕР ТУРАЛЫ RIM КОМПАНИЯСЫНА ЕСЕП БЕРУГЕ КЕЛІСЕСІЗ.

20. Жауапкершілікті шектеу.

КЕЙБІР ЕЛДЕР ТҰТЫНУШЫЛАРМЕН ЖАСАЛАТЫН КЕЛІСІМ-ШАРТТАРДА ЖАНАМА, ТІКЕЛЕЙ ЕМЕС НЕМЕСЕ БАСҚА ЗАҚЫМДАРДЫ ШЕКТЕУГЕ НЕМЕСЕ ҚОСПАУҒА РҰҚСАТ ЕТПЕЙДІ ЖӘНЕ СІЗ ТҰТЫНУШЫ БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА БҮЛ БӨЛІМДЕГІ ШЕКТЕУЛЕР НЕМЕСЕ ҚОСПАУ ӘРЕКЕТТЕРІ СІЗГЕ ҚАТЫСТЫ БОЛМАУЫ МҮМКІН.

- (a) ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢМЕН РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ЖАҒДАЙДА ЖӘНЕ БҮЛ КЕЛІСІМДЕ АЙТЫЛҒАН АРНАЙЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ ҚҰРАЛДАРҒА СӘЙКЕС, RIM КОМПАНИЯСЫ ЕШҚАШАН МЫНА КЕЛТІРІЛГЕН ЗАҚЫМДАРДЫҢ ЕШҚАЙСЫСЫНА ЖАУАПТЫ БОЛМАЙДЫ: АЛЫП КЕЛЕТІН ЖАНАМА, ҮЛГІЛІК, КЕЗДЕЙСОҚ, ТІКЕЛЕЙ ЕМЕС, АРНАЙЫ, АЙЫПТЫҚ НЕМЕСЕ ҰЛҒАЙТЫЛҒАН ЗАЛАЛДАР, КӘСІПОРЫН ПАЙДАСЫНЫҢ НЕМЕСЕ ТАБЫСЫНЫҢ ЖОҒАЛУЫНА, КҮТКЕН ЖИНАҚТАРДЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСПАЙ ҚАЛУЫНА, ЖҰМЫСТЫҢ ТОҚТАП ҚАЛУЫНА, КӘСІПОРЫН ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫҢ ЖОҒАЛУЫНА, КӘСІПОРЫН МҮМКІНДІГІНІҢ ЖОҒАЛУЫНА НЕМЕСЕ ДЕРЕКТЕРДІҢ БҮЛІНУІНЕ НЕ ЖОҒАЛУЫНА, ДЕРЕКТЕРДІ ЖІБЕРУ НЕ ҚАБЫЛДАУ ҚИЫНДЫҚТАРЫНА, BLACKBERRY SOLUTION ӨНІМІҢІЗБЕН БАЙЛАНЫСТЫ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН БАҒДАРЛАМАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ, ТОҚТАП ҚАЛУ ШЫҒЫНДАРЫНА, BLACKBERRY SOLUTION ӨНІМІҢІЗДІ НЕ КЕЗ КЕЛГЕН БӨЛІГІН ПАЙДАЛАНУДЫ НЕМЕСЕ ҮШІНШІ ТАРАП ҚЫЗМЕТТЕРІН НЕ ҮШІНШІ ТАРАП ЭЛЕМЕНТТЕРІН ЖОҒАЛТЫП АЛУҒА, АЛМАСТЫРУШЫ ТАУАРЛАРДЫҢ ШЫҒЫНЫНА, ҚАМТУ, ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ НЕМЕСЕ ҚЫЗМЕТТЕР ШЫҒЫНДАРЫНА, КАПИТАЛДЫҢ ЖОҒАЛУЫНА НЕМЕСЕ ОСЫ КЕЛІСІМНЕН НЕМЕСЕ BLACKBERRY SOLUTION ӨНІМІҢІЗДЕН НЕМЕСЕ СОЛАРҒА ҚАТЫСТЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ BLACKBERRY SOLUTION ӨНІМІҢІЗДІҢ ПАЙДАЛАНЫЛУЫНАН НЕ ПАЙДАЛАНЫЛМАУЫНАН, ОРЫНДАЛУЫНАН НЕ ОРЫНДАЛМАУЫНАН ТУЫНДАҒАН БАСҚА ДА ОСЫҒАН ҰҚСАС ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫНДАРҒА, МҮНДАЙ ШЫҒЫНДАР БОЛЖАНҒАН НЕ БОЛЖАНБАҒАН БОЛМАСЫН ЖӘНЕ RIM КОМПАНИЯСЫ МҮНДАЙ ШЫҒЫНДАРДЫҢ БОЛУ ЫҚТИМАЛДЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ КЕҢЕС БЕРГЕННІҢ ӨЗІНДЕ, АЛЫП КЕЛЕТІН ЗАЛАЛДАР.
- (b) Қолданыстағы заң бойынша рұқсат етілген жағдайда, RIM компаниясының жиынтық жауапкершілігі ешқашан мыналардан аспауы керек: (i) RIM өнім(дер)і үшін және/немесе

талап туындатқан Бағдарламалық жасақтаманың сол бөлігі (осындай жағдай болғанда) үшін Сізге төленген сома; және (ii) бес (5) АҚШ доллары.

- (c) Қолданыстағы заң бойынша рұқсат етілген жағдайда, осы Келісімдегі кез келген шартқа қарамастан, RIM компаниясы Сізге жауапты болған шекте, RIM компаниясы тек осындай ақаулық уақытында келтірілген залардарға, кешіктіруге немесе BlackBerry Solution өнімінің жұмыс істемеуіне жауап береді.
- (d) Бұл Бөлімдегі ешқандай шарт мына жағдайларда RIM компаниясының Сізге деген жауапкершілігін шектемейді: (i) RIM компаниясының салақтығынан тікелей орын алған адам өлімі немесе жарақаты; немесе (ii) RIM компаниясының қасақана алаяқтық әрекеті немесе қасақана алаяқтықты жіберіп алуы.
- (e) ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢ БОЙЫНША РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ЖАҒДАЙДА, ӘР ТАРАП ТЕК ОСЫ КЕЛІСІМДЕ ТІКЕЛЕЙ БЕРІЛГЕНДЕЙ БАСҚА ТАРАПҚА ЖАУАПТЫ БОЛАДЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАСҚА МІНДЕТТЕМЕСІ, МІНДЕТІ НЕМЕСЕ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ҚАНДАЙ ДА БОЛСЫН, КЕЛІСІМ-ШАРТТАР, ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТА НЕМЕСЕ БАСҚАША БОЛМАСЫН, БОЛМАЙДЫ.
- (f) ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢ БОЙЫНША РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ЖАҒДАЙДА, БҰЛ КЕЛІСІМДЕГІ ШЕКТЕУЛЕР, ҚОСПАУ ӘРЕКЕТТЕРІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТАРДАН БАС ТАРТУ: (i) ӘРЕКЕТТІҢ СЕБЕБІНЕ, ҚОЙЫЛҒАН ТАЛАПҚА НЕМЕСЕ СІЗ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ӘРЕКЕТКЕ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ШЕКТЕЛМЕСТЕН, САЛАҚТЫҚҚА, ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚҚА, КҮНӘСІЗ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ, КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҢ БҰЗЫЛУЫНА НЕМЕСЕ БАСҚА КЕЗ КЕЛГЕН ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫНА ҚАРАМАСТАН ҚАТЫСТЫ; (ii) ОСЫ КЕЛІСІМ МАҚСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ МАҚСАТЫНЫҢ НЕМЕСЕ ОСЫ ҚҰЖАТТАҒЫ КЕЗ КЕЛГЕН ҚҰРАЛДЫҢ НЕГІЗГІ БҰЗЫЛУЫН НЕ БҰЗЫЛУ ӘРЕКЕТТЕРІН НЕМЕСЕ ҚИЫНДЫҚТАРЫН САҚТАЙДЫ; (iii) ОСЫ ҚҰЖАТТА АЙТЫЛҒАН ӨТЕУ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІНЕ НЕМЕСЕ КЕЗ КЕЛГЕН ТАРАПТЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІГІН БАСҚА ТАРАПТЫҢ ЗАҢСЫЗ ИЕМДЕНУІНЕ НЕМЕСЕ БҰЗУЫНА НЕМЕСЕ ОСЫ КЕЛІСІМНІҢ ТӨМЕНДЕ БЕРІЛГЕН БӨЛІМДЕРІН БҰЗЫЛУЫНА ҚАТЫСТЫ ЕМЕС: "ЖҰМЫС ҮСТЕЛІНІҢ КРИПТОГРАФИЯЛЫҚ ҚОЛДАУЫ" (6-БӨЛІМ), "BLACKBERRY SOLUTION ӨНІМІҢІЗДІ ПАЙДАЛАНЫЛУ" (3-БӨЛІМ), "БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМА ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА ЛИЦЕНЗИЯСЫ" (2-БӨЛІМ), "ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК" (7-БӨЛІМ), "ЭКСПОРТТАУҒА, ИМПОРТТАУҒА ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР ЖӘНЕ АҚШ МЕМЛЕКЕТТІК ЛИЦЕНЗИЯЛАРЫ" (9-БӨЛІМ) ЖӘНЕ "ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ КЕРІ ЖОБАЛАУҒА ТЫЙЫМ САЛУ" (11-БӨЛІМ); ЖӘНЕ (iv) RIM КОМПАНИЯСЫНА НЕМЕСЕ RIM КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНА, ОЛАРДЫҢ МҰРАГЕРЛЕРІНЕ, ҚҰҚЫҚТЫҚ МИРАСҚОРЛАРЫНА, ЖӘНЕ RIM ӨКІЛЕТТІ ДИСТРИБЬЮТОРЛАРЫНА (RIM ӨКІЛЕТТІ ДИСТРИБЬЮТОРЛАРЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАНЫҢ ЕСЕПІНДЕ ЭФИР ҚЫЗМЕТТЕРІН ҚЫЗМЕТ ПРОВАЙДЕРІН ҚОСА) ЖИЫНТЫҚ ҚАТЫСТЫ.
- (g) RIM КОМПАНИЯСЫНЫҢ НЕМЕСЕ RIM КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ ЕШҚАНДАЙ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАСЫ, ДИРЕКТОРЫ, ЖҰМЫСШЫСЫ, АГЕНТІ, ДИСТРИБЬЮТОРЫ, ЖЕТКІЗУШІСІ, ҚЫЗМЕТ ЖЕТКІЗУШІСІ, ТӘУЕЛСІЗ МЕРДҒЕРІ, НЕМЕСЕ КЕЗ КЕЛГЕН ЭФИР ҚЫЗМЕТТЕРІН ҚЫЗМЕТ ПРОВАЙДЕРІ (ЖОҒАРЫДА БЕЛГІЛЕНГЕН БАСҚА) ЕШҚАШАН ОСЫ КЕЛІСІМНЕН ТУЫНДАЙТЫН НЕМЕСЕ СОҒАН ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕГЕ ЖАУАПТЫ БОЛМАЙДЫ.

- (h) СІЗ ОСЫ КЕЛІСІМДЕ АЙТЫЛҒАН ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БАС ТАРТУ, ҚОСПАУ ӘРЕКЕТТЕРІ МЕН ШЕКТЕУЛЕРДІҢ ТАРАПТАР АРАСЫНДАҒЫ КЕЛІСІМНІҢ МАҢЫЗДЫ БӨЛІГІН ҚҰРАЙТЫНЫН ЖӘНЕ ОСЫНДАЙ ҚҰҚЫҚТАРДАН БАС ТАРТУ, ҚОСПАУ ӘРЕКЕТТЕРІ МЕН ШЕКТЕУЛЕР БОЛМАҒАНДА: (i) БҰЛ КЕЛІСІМДЕГІ ТӨЛЕМАҚЫЛАР МЕН БАСҚА ШАРТТАРДЫҢ ЕДӘУІР ЕРЕКШЕЛЕНЕТІНІНЕ; ЖӘНЕ (ii) ОСЫ КЕЛІСІМ БОЙЫНША RIM КОМПАНИЯСЫНЫҢ ЛИЦЕНЗИЯ ҰСЫНУ МҮМКІНДІГІНЕ ЖӘНЕ СІЗДІҢ ЛИЦЕНЗИЯ АЛУ МҮМКІНДІГІҢІЗГЕ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ BLACKBERRY SOLUTION ӨНІМІҢІЗ АРҚЫЛЫ ҚОЛ ЖЕТІМДІ ҮШІНШІ ТАРАП ЭЛЕМЕНТТЕРІН НЕ ҮШІНШІ ТАРАП ҚЫЗМЕТТЕРІН ЖАСАЙТЫН RIM КОМПАНИЯСЫНЫҢ МҮМКІНДІГІНЕ БЫҚПАЛ ЖАСАЛАТЫНЫН РАСТАП КЕЛІСЕСІЗ.

БҰЛ КЕЛІСІМДЕГІ ЕШҚАНДАЙ ШАРТ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМА МЕН ҚЫЗМЕТТЕРДЕН БАСҚА BLACKBERRY SOLUTION ӨНІМІҢІЗДІҢ БӨЛІКТЕРІНЕ БЕРІЛГЕН ТІКЕЛЕЙ КЕЛІСІМДЕРДІ НЕМЕСЕ КЕПІЛДІКТЕРДІ АУЫСТЫРУҒА АРНАЛМАҒАН.

21. Ақпарат жинау келісімі.

- (a) BlackBerry Solution өнімі (немесе оның кез келген бөлігін) және/немесе Қызмет көрсетуді немесе осыған қатысты Эфир қызметтерін орнату және/немесе пайдалану, Сіз және/немесе Өкілетті пайдаланушылар туралы ақпараттарды жинау (қолданыстағы заңға байланысты болатын немесе болмайтын, шектеуді, атты, электрондық пошта мекенжайын, телефон нөмірін, Тасымалы өнім ақпаратын, Тасымалы өнімнің орналасқан жері туралы ақпаратты (төменде сипатталғандай) қоса, Эфир қызметі провайдері туралы ақпаратты және RIM компаниясы мен Эфир қызметі провайдерлерінің BlackBerry Solution қызметін немесе BlackBerry Solution өніміне қатысты пайдаланылған бағдарламалық жасақтама мен аппараттық жасақтаманы пайдалану туралы ақпаратты), BlackBerry Solution өнімімен бірге пайдаланылған өнімдері мен қызметтері бар осы сөйлемде берілген үшінші тараптардың және аффилиирленген компаниялары туралы жеке ақпаратты жинау, пайдалану және/немесе тарату болып табылады. Сіз осындай ақпараттың заңнамаға қатысты немесе қатысты емес елде немесе аймақта орналасқан RIM компаниялар тобы арқылы жиналуына, пайдалануына, өңделуіне, тасымалдануына және/немесе таратылуына келісесіз және қолданыстағы заңға сәйкес RIM компаниялар тобына жеке ақпараттарды таратуға және RIM компаниялар тобына арналған осындай жеке ақпараттарды жинауға, пайдалануға, өңдеуге, тасымалдауға, және/немесе таратуға және Сізге және/немесе Өкілетті пайдаланушыларыңыздың Эфир қызметі провайдеріне, BlackBerry Solution өнімімен бірге пайдаланылатын өнімдер мен қызметтерге арналған жеке ақпараттарды жинауға, пайдалануға, өңдеуге, тасымалдауға, және/немесе таратуға, және/немесе RIM компаниялар тобына арналған: (i) шектеуді қоспастан RIM компаниялар тобының ішкі пайдалануға: (A) Сіздің қажеттіліктеріңіз бен қалауларыңызды түсінуді және қанағаттандыруды; (B) бұрыннан бар және жаңа қызметтер мен өнім ұсыныстарын дамытуды және жетілдіруді; және (C) өнімдер мен қызметтердің техникалық қызмет көрсетуін қамтамасыз етуді қоса отырып RIM компаниясының бизнесі мен әрекеттерін басқаруды және дамытуды; (ii) шот ұсынуға қатысты кез келген мақсатты, активация, қамтамасыз ету, қолдау көрсету, деактивация әрекеттерін және/немесе Сіздің және/немесе Өкілетті пайдаланушыларыңыздың BlackBerry Solution өнімін және/немесе осыған қатысты өнімдер және/немесе қызметтер (Қызметті қоса), RIM компаниясының ережелері мен шарттарын орындауды және сақтауды; (iii) Сізге және/немесе Өкілетті пайдаланушыларыңызға жаңартуларды немесе бағдарламалық жасақтаманың жетілдірулерді қол жетімді етуді, Үшінші тараптың бағдарламалық жасақтамасын, Үшінші тарап мазмұны немесе Үшінші тарап қызметтері және/немесе осыған қатысты өнімдер және /немесе қызметтер (Қызметті

қоса); (iv) қолданыстағы кез келген заң бойынша рұқсат етілген немесе талап етілген мақсаттар; және/немесе (v) http://na.blackberry.com/eng/legal/privacy_policy.jsp сайтында қарауға болатын немесе сіз келісетін RIM компаниясының құпиялылық саясаты бойынша қойылған басқа кез келген талаптарды қамтамасыз етесіз.

- (b) Осы келісімде берілген басқа жеке ақпаратқа қоса, Сіз өзіңіздің Тасымалы өніміңізді пайдаланғанда немесе деректер қызметін қосқанда немесе орналасуына байланысты қызметі, Тасымалы өнімнің орналасқан жері туралы ақпарат (шектеусіз, GPS ақпаратын, тасымалдау құрылғысының идентификаторын, мұнара идентификаторын және WiFi сигнал күшін немесе ұялы байланыс мұнарасын қоса) RIM компаниялар тобына хабарлануыны мүмкін. RIM компаниялар тобы орналасқан жерге байланысты қызметтерін, шектеусіз, басқа тұлғалармен Тасымалы өнімнің орналасқан жері туралы ақпаратты бөлісу қызметтерін оңайлатуды қоса Үшінші тарап қызметтерінің BlackBerry Solution өнімімен бірге пайдаланылатын шектелместен жеке ақпараттарды пайдаланады. Жеке ақпараттың басқа адамдарға таратылуына келіспестен бұрын оларды мұқият қарастыруыңыз керек. Сонымен қатар мұндай ақпаратты біз жеке ақпараттың біріктірілуінде немесе аты көрсетілместен деректер жасағанда және жергілікті жарнама бергенде пайдалануымыз мүмкін.
- (c) Жоғарыда көрсетілген мақсаттарға арналған Сіздің немесе Өкілетті пайдаланушыларыңыздың жеке ақпаратын жинау, пайдалану, өңдеу, тасымалдау, және/немесе тарату RIM компаниясының құпиялылық саясатына сәйкес келеді. RIM компаниясы құпиялылық саясатын өзінің қарастыруынша үнемі өзгертіп отыруға құқығын сақтайды және Сіз үнемі RIM компаниясының құпиялылық саясатының өзгеруін қарап тұруыңыз керек. Егер сіздің жеке ақпаратыңыз Эфир қызметі провайдеріне немесе BlackBerry Solution өнімімен бірге пайдаланылатын өнімдері мен қызметтері бар үшінші тараптарға таратылса, Эфир қызметі провайдерінің немесе үшінші тараптардың құпиялылық саясаты, немесе жеке ақпаратты жинауға, пайдалануға, өңдеуге, тасымалдауға және/немесе таратуға қатысты шарттар мен ережелер RIM компаниясы мен Сіздің және/немесе Өкілетті пайдаланушыларыңыздың эфир қызметі провайдерімен немесе BlackBerry Solution өнімімен бірге пайдаланылатын өнімдер мен қызметтерімен келісіледі. Сіз барлық тұлғаларға RIM компаниясына олардың жеке ақпаратына қолданбалы заңдар мен ережелерге сәйкес кіруге және оны түзетуге құқықтары бар екенін хабарлауға келісесіз.

22. Кері байланыс. RIM компаниясына BlackBerry Solution өніміңіз туралы кері ақпарат беруіңізге болады. Егер RIM компаниясы жазбаша түрде келіссе, Сіз RIM компаниясына берілгені ақпаратты, түсініктемелерді, ұсыныстарды, идеяларды, концепцияларды және Сіздің RIM компаниясының BlackBerry Solution өніміне қатысты және барлық зияткерлік меншік құқықтарын (бірлесіп "Кері байланыс") иеленуіне келісесіз және осылайша RIM компаниясына өзіңіздің барлық құқықтарыңызды және мүдделеріңізді қатыст етесіз. Үшінші тараптың зияткерлік меншік құқықтарына бағынатын кез келген кері пікірді RIM компаниясына бере алмайсыз. Құжаттарға қол қоюға және RIM компаниясының кері ақпаратты иеленуін растайтын әрекеттерге қатысты, кез келген сәйкес зияткерлік меншік құқықтарын және/немесе құпия ақпаратты тіркеуге және/немесе қорғау үшін RIM компаниясымен толықтай бірге жұмыс істеуге келісесіз.

23. Құқықтарды беру және тапсыру. RIM компаниясы бұл Келісім бойынша құқықтарды Сізге хабарламастан бере алады. Сіз бұл Келісім бойынша құқықтарды RIM компаниясының алдын ала жазбаша келісімінсіз (мұндай келісім RIM компаниясының шешімімен бас тартылуы немесе RIM компаниясының шешіміне шартты болуы мүмкін) тұтастай немесе бөлшектей бере алмайсыз және кез келген құқықтарды беру RIM компаниясының алдын ала жазбаша келісімінсіз жарамсыз болып табылады және оның ешқандай әсері болмайды. RIM компаниясы тікелей осы Келісім бойынша орындалатын барлық міндеттемелерді

орындайды немесе оларды мердігер немесе қосалқы мердігерлер және/немесе Эфир қызметтері жағдайында, Эфир қызметі провайдері немесе оның еншілес кәсіпорындары мен аффилиирленген тұлғалары арқылы орындалатын кейбір немесе барлық міндеттемелер болуы мүмкін.

24. Ескертулер. Осы Келісімде берілгендерден басқа, барлық ескертулер мен байланыстар келісімнің заңдық күшіне сәйкес жазбаша түрде жеке, курьер немесе поштаға салынғанда, пошта шығыны төленгенде, тіркелген хат немесе оның баламасы, алуды куәландыратын түбіртек талап етілгенде және Сізге RIM компаниясына өзіңіз берген есептер жіберілетін мекенжайға жіберілгенде, және Research In Motion Singapore Pte. Limited компаниясына мына мекенжай бойынша 1 International Business Park, The Synergy Building, 2қабат, Singapore 609917, көшірмесімен (ескерту болып табылмайтын) RIM компаниясының продакт менеджеріне жіберілгенде тиісті түрде берілген деп қарастырылу керек. Жоғарыда айтылғанға қоса, RIM компаниясы өзінің қалауы бойынша осы Келісімге қатысты кез келген ескертуді электронды түрде береді. Сізге берілген электрондық ескерту RIM компаниясына сіз беретін электрондық мекенжайға берілген кезде тиісті түрде берілген деп қарастырылады және RIM компаниясына ешқандай электрондық мекенжай бермесеніз, ескерту тиісті түрде <http://www.blackberry.com/legal/> сайтына шығарылғанда беріледі.

25. Форс-мажор. Осы Келісімнің басқа ережелеріне қарамастан, Тараптардың ешқайсысы оның зерделі бақылауынан тыс орын алатын себептердің пайда болуына байланысты орындау уақыты келген өзінің міндеттемелерін орындамағаны үшін осы Келісім бойынша міндеттемелерін орындамаған болып саналмайды. Бұл ереже осы Келісім бойынша басқа Тарапқа төлем жасау үшін кез келген Тараптың қандай да бір міндеттемені орындамауын ақтайды деп түсінілмеуі керек.

26. Жалпы.

- (a) Үшін тарап бенефициарлары. RIM компаниясының аффилиирленген тұлғалары және RIM компаниясы аффилиирленген тұлғаларының директорлары, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлі осы негізде осы Келісімнің "Жауапкершілікті шектеу" (20-бөлім) және "Жауапкершіліктен бас тарту" (19-бөлім) бөлімдерінің мақсаттарында белгіленген үшінші тарап бенефициарлары болып табылады. Осы Бөлімде басқаша арнайы көрсетілмеген жағдайда, осы Келісімдегі ережелер Тараптардың мүддесін көздейді және басқа ешбір тұлғаның не кәсіпорынның мүддесін көздемейді.
- (b) Міндеттемелерді бұзудан бас тарту. Бас тарту күшіне енгізілетін жазбаша түрде Тараптың өкілетті тұлғасымен қол қою арқылы бас тарту құжаты жасалмаған болса, Тараптардың ешқайсысы орындамау, кешіктіру немесе басқа кез келген заңды немесе әділ принцип негізінде болсын, Тараптар осы Келісімге сәйкес қандай да бір құқықтарынан бас тартпайды және айырылмайды. Белгілі бір жағдайдағы Келісімнің қандай да бір ережеден бас тарту немесе қандай да бір ережені бұзу басқа қандай да бір жағдайларға қатысты бас тарту құқығын бермейді.
- (c) Күшінде қалуы. Осы Келісімдегі мағынасы және мазмұнымен күшінде қалатынын білдіретін шарттар, талаптар және кепілдіктер осымен Келісімнің орындалуы, одан бас тартылуы немесе тоқтатылуы кейін күшінде қалады.
- (d) Қолданылатын заң және дауларды шешу. Бұл Келісім қарама-қайшылықтар құқықтарын реттейтін заңдарды қоспағанда, Сингапур заңдарына бағынады және онымен түсіндіріледі. Тараптар Халықаралық тауар саудасына қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымы Конвенциясының осы Келісіммен мүлдем қолданылмайтыны туралы келісті. Тараптар адал келіссөздер арқылы шешуге қабілетсіз болатын осы Келісімге қатысты немесе оны бұзуға қандай да бір келіспеушілік немесе дау алдымен Тараптардың жоғарғы басқарма деңгейлеріне жеткізілуі тиіс. Егер Сіз жеке тұлға болсаңыз, онда өзіңіз кіретін Тараптар жоғары басқарма деңгейіндегі өкілдері арқылы отыз (30) күн ішінде осыған қатысты

талқылау жасау үшін кездесуі тиіс, егер Тараптар 30 күн кездесу ішінде аталған келіспеушілікті немесе дауды шеше алмайтын болса, Сіздің юрисдикцияңызда қолданбалы заңмен рұқсат етілетін шеңберде мұндай келіспеушілік немесе талқылау осы бапқа сілтеу арқылы енгізілген ережелері күшінде болатын уақыт ішінде Сингапур Халықаралық Төрелік Орталығының Төрелік ережелеріне ("СХТО Ережелері") сәйкес Сингапурда ақырғы және міндетті шешіледі. Төрелік сот СХТО төрағасы тағайындайтын бір төрешіден тұруы тиіс. Төрелік тілі ағылшын тілі болуы тиіс. Егер жоғарыда көрсетілген шарттар сіздің юрисдикцияңыздың заңдарына сәйкес тыйым салынатын болса, төрелік: (i) Сіздің юрисдикцияңызда жүргізіледі; (ii) Қазақстан Республикасының Халықаралық сотының Төрелік ережелеріне сәйкес шешіледі ("ХТС Төрелік ережелері"); және (iii) ХТС Төрелік ережелеріне сәйкес тағайындалған төрешімен тыңдалады және Тараптар отыз (30) күн ішінде бірлесіп төрешені тағайындайды, төреші Тараптармен айтылған мерзімде тағайындалмаса, төрешіні үшінші бейтарап тарап тағайындайды. Әр тарап төрелік процеске қатысты шығындардың жартысын мойнына алады. RIM компаниясының алдын ала жазбаша келісімінсіз Тараптар арасында немесе Сізден басқа тұлғамен даулар қосылмайды немесе бірге жүргізілмейді. Төрешінің шығарған төрелігі бойынша сот шешімі осыған қатысты юрисдикцияға ие кез келген сотта процеске ене алады. Жоғарыда айтылғандарға қарамастан, RIM компаниясы мына талаптар мен талқылауларға қатысты құқықтық немесе әділ принцип негізінде шағымдар мен даулар қарастырылатын жалпы құқық сотында, соның ішінде, тыйым салуды көздейтін келесі туралы істерді бастауға құқылы: (i) қолданылатын жағдайда BlackBerry Solution өнім мен оған қатысты кез келген бөлігін сатып алуына қатысты Сіздің RIM компаниясына борыш сома; және (ii) Сіздің "Жұмыс үстелінің криптографиялық қолдауы" (6-бөлім), "BlackBerry Solution өніміңізді пайдалану" (3-бөлім), "Бағдарламалық жасақтама және Құжаттама лицензиясы" (2-бөлім), "Зияткерлік меншік" (7-бөлім), "Экспорттауға, импорттауға және пайдалануға қойылатын шектеулер және АҚШ мемлекеттік лицензиялары" (9-бөлім), "Қауіпсіздік" (10-бөлім), "Құпиялылық және кері жобалауға тыйым салу" (11-бөлім) және "Токтатылу күші" (14-бөлім) деп аталатын Келісімнің бөлімдерін бұзу немесе ықтимал бұзу. Сіз табыс, істі қарастыру үшін қолайсыз орын негізіндегі немесе басқа негіздегі қандай да бір талаптардан қайтымсыз бас тартасыз немесе поштамен немесе қолданыстағы заңмен рұқсат етілетін басқа жолдармен сот құжаттарына беруге қайтымсыз келісесіз, бересіз және Келісімнен немесе оған қатысты туатын мұндай шағымдар үшін Сингапурда орналасқан сот органдарының юрисдикциясына тапсырасыз. Тараптар осы Келісім бойынша дау туындаған жағдайда және бұл дауды сотта шешілуі тиіс болатын жағдайда бұл дау төралқа арқылы шешілмеуі керек. Тараптар осы Келісімнен немесе оған қатысты туындатын қандай да бір төралқа арқылы талқылау бойынша құқықтарынан бас тартады.

- (e) Тұтастық. Бұл Келісімнің кез келген бөлімі, тармағы, ережесі немесе сөйлемі немесе бөлігі ("Бөлік") заңсыз, жарамсыз немесе кез келген юрисдикцияда құзырлы органмен заңсыз, заңды күші жоқ немесе мәжбүрлі түрде орындалу күші жоқ деп анықталған жағдайда, сол Бөліктің осылайша анықталуы мыналарға әсер етпейді: (i) осы Келісімнің қалған Бөліктерінің заңдылығы, заңдық жарамдылығы немесе мәжбүрлі түрде орындалу күші; немесе (ii) басқа юрисдикцияда сол Бөліктің заңдылығы, заңды жарамдылығы немесе мәжбүрлі түрде орындалу күші және сол Бөлік мүмкіндігінше шектеулі болады және Келісімді жарамды және мәжбүрлі түрде орындалу күші бар күйінде беру талап етілген жағдайда қажетінше бөлінеді.
- (f) Тіл. Егер бұл Келісім ағылшын тілінен басқа тілге аударылса, ағылшынша нұсқасы мен оның аудармасының арасындағы мағынада түсінбеушілік немесе айырмашылық болған жағдайда ағылшынша нұсқасы басымдыққа ие болады. Сіздің юрисдикцияңызда заң бойынша тыйым салынбайынша және тыйым салынған жағдайда ғана бұл Келісімге

қатысты кез келген және барлық келіспеушіліктер, даулар, делдалдықтар, келіспеушіліктерді шешу немесе сот таласы, оның ішінде шектелместен, хат алмасу, анықтау, жіберу, толтыру, қорғау, ауызша қорғау, таластар және бұйрықтар не сот үкімдері ағылшын тілінде жүргізілуіне тиісті.

- (g) Сәйкессіздік. Егер осы Келісім мен BlackBerry Solution өніміңіздің кез келген бөлігінің орауышында немесе бірге келетін материалдарында берілген кез келген бағдарламалық жасақтама лицензиясы немесе соңғы пайдаланушы келісімі (осы Келісімнен басқа) арасында сәйкессіздік болса, бұл Келісімнің ережелері сәйкессіздік кезінде қолданылады. Егер осы Келісім мен бағдарламалық жасақтама лицензиясы немесе Бағдарламалық жасақтаманың жаңартулары мен жетілдірулеріне байланысты берілген соңғы пайдаланушы келісімі арасында сәйкессіздік болса, осындай басқа лицензияның немесе соңғы пайдаланушы келісімдерінің ережелері сәйкессіздік кезінде қолданылады. BlackBerry Solution өніміңіздің кез келген бөлігінің орауышында берілген құжаттама мен сәйкес келетін RIM өнімінің немесе Бағдарламалық жасақтаманың Құжаттамасы арасында сәйкессіздік туындаған жағдайда, Құжаттаманың ережелері сәйкессіздік кезінде қолданылады.
- (h) Тұтас Келісім. Бұл Келісім (осындағы кез келген Қосымша мақсаттары үшін сол Қосымша мәселесіне қатысты Қосымша шарттарын қамтиды) осындағы мәселеге қатысты Тараптардың тұтас келісімін құрайды және осы Келісімде айтылғаннан басқа Бағдарламалық жасақтамаға қатысты ережелер, түсініктемелер, байланыстар, астаулар, кепілдіктер, жауапкершіліктер, талаптарды қамтамасыз ететін келісімдер немесе Тараптар арасындағы келісімдер жоқ. Жоғарыда айтылғандарға қарамастан, Тараптар арасындағы басқа келісімдер BlackBerry Solution өніміңіздің басқа бөліктерінің пайдаланылуын реттей алады. Бұл Келісім осы Келісімнің мазмұнына қатысты алдыңғы немесе қазіргі ережелерді, түсініктемелерді, байланыстарды, растауларды, кепілдіктерді, жауапкершіліктерді, талаптарды қамтамасыз ететін келісімдерді және Тараптар арасындағы келісімдерді, ауызша не жазбаша болмасын, ауыстырады және Сіз осы Келісімді жасауға келіскенде жоғарыда айтылғандардың кез келгеніне сенбегеніңізді растайсыз. Бұл Келісім кез келген уақытта Тараптардың өзара келісуі бойынша өзгертілуі мүмкін. RIM компаниясына қолданыстағы заң бойынша тікелей тыйым салынбаған жағдайдан басқа, RIM компаниясы Сізге электрондық жолмен (жоғарыдағы Ескерту ережесі бойынша қарастырылғанда) өзгертулер туралы ескерту арқылы немесе өзгерту туралы <http://www.blackberry.com/legal> сайтына орналастыру арқылы заң не оның талап етуі бойынша өзгертулерді (осы Келісімнің негізділігін қамтамасыз ететін өзгертулермен шектелместен) немесе жұмыс тәжірибелеріндегі өзгертулерді көрсету үшін осы Келісімге ұйғарған негізде өзгерту енгізу құқығын өзінде қалдырады және Сіз сол сайттан өзгертулерді үнемі қарап отыруға тиістісіз. Егер Сіз Бағдарламалық жасақтаманы және/немесе Қызметті өзгерту туралы ескертілгеннен кейін алпыс (60) күннен аса пайдалана берсеңіз, онда Сіз бұл өзгертілу қабылдаған болып саналасыз. Егер өзгерту(лер) туралы мәселе туындаса, legalinfo@rim.com мекенжайына таңдауларыңыз туралы сұрау салу үшін өзгерту(лер) туралы ескертілгеннен кейін алпыс (60) күн ішінде хабарласыңыз.
- (i) Зандарды сақтау. Сіз өз шығыныңыз бойынша осы Келісімнің немесе соған қатысты лицензиялық келісімдердің орындалуына және жұмысына Сіздің юрисдикцияңызда мемлекеттік органдар немесе қолданыстағы заң бойынша талап еткен барлық лицензияларды, тіркеулерді және мақұлдаулар қағаздарын алып қолданасыз. Жеке айтқанда және кумән болмауы үшін Сіз барлық қолданыстағы заңдар мен нормаларды сақтайсыз және қолданыстағы заң бойынша қажет етілген коммерциялық шифрлау үлгілері немесе басқа да қауіпсіздік функциясы бар Бағдарламалық жасақтаманы импорттау және

пайдалану үшін құзырлы мемлекеттік органдардан қажетті лицензия, тіркеу және мақұлдау қағазын аласыз. Сіз бұл міндеттемені сақтайтыныңызды тексеру үшін RIM компаниясы кезеңмен сұрап отыруы мүмкін куәландырулар мен ресми құжаттармен RIM компаниясын қамтамасыз етесіз.

27. Келісімдерді біріктіру. (a) Тиісті шарттардың BlackBerry PC Software, BlackBerry Server Software және BlackBerry Handheld Software бағдарламалық жасақтамаларына, олардың әрқайсысы BlackBerry Solution өніміңіздің бір бөлігі ретінде пайдаланылғанда, қатысты екенін; және (b) BlackBerry Solution өніміңіздің бір бөлігі ретінде пайдаланылғанда лицензиялық шарттардың BlackBerry Handheld Software бағдарламалық жасақтамасына BlackBerry Handheld Software бағдарламалық жасақтамасы қамтамасыз етілген тәртіпке қарамастан қатысты екенін анықтау үшін, **ЖОҒАРЫДА БЕЛГІЛЕНГЕН ТӘРТІППЕН БҰЛ КЕЛІСІМНІҢ ШАРТТАРЫН ҚАБЫЛДАҒАНЫҢЫЗДЫ БІЛДІРУ АРҚЫЛЫ СІЗ, СОНДАЙ-АҚ, БҰЛ КЕЛІСІМНІҢ БҰРЫННАН БАР BLACKBERRY СОҢҒЫ ПАЙДАЛАНУШЫ/БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАСЫ ТУРАЛЫ ЛИЦЕНЗИЯЛЫҚ ЖӘНЕ BLACKBERRY ENTERPRISE SERVER SOFTWARE БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАСЫ ТУРАЛЫ ЛИЦЕНЗИЯЛЫҚ КЕЛІСІМДЕРДІ ЖӘНЕ БҰРЫННАН БАР КЕЗ КЕЛГЕН BLACKBERRY БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАСЫ ТУРАЛЫ ЛИЦЕНЗИЯЛЫҚ КЕЛІСІМДЕРДІ, АТАЛҒАН КЕЛІСІМДЕР ҚОЛДАНЫСТА БОЛМАСЫН, БҰЛ КЕЛІСІМНІҢ ҚАБЫЛДАНҒАН КҮНІНЕ, BLACKBERRY SOLUTION ӨНІМІНІҢ БІР БӨЛІГІН ҚҰРАТЫН КЕЗ КЕЛГЕН БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАҒА ҚАТЫСТЫ, АУЫСТЫРАТЫНЫНА ЖӘНЕ ЖОЯТЫНЫНА .**

RIM компаниясымен BlackBerry Solution өніміңіз үшін жасалған басқа келісімдердегі немесе құжаттамадағы BlackBerry соңғы пайдаланушысы/Бағдарламалық жасақтама лицензиясы немесе BlackBerry Enterprise Server Software туралы лицензиялық келісімдегі барлық сілтемелер осы BlackBerry Solution Лицензиялық Келісімнің сілтемелері болып саналады (мұндай сілтеме контексте ұғымды болмаса, мысалы, бұл сілтемеде бұрынғы келісімдер мен BlackBerry бағдарламалық жасақтамасы туралы лицензиялық келісімдердің айырмашылықтары көрсетілгенде, бұрынғы келісімдердің сілтемелері BlackBerry бағдарламалық жасақтамасы туралы лицензиялық келісімдердің сілтемелері болып саналмайды).

BlackBerry соңғы пайдаланушысы/Бағдарламалық жасақтама лицензиясы немесе BlackBerry Enterprise Server Software туралы лицензиялық келісімдерге немесе RIM компаниясы Сізге берген BlackBerry бағдарламалық жасақтамасы туралы лицензиялық келісімдерге енгізілген өзгертулер немесе толықтырулар осы BlackBerry Solution туралы лицензиялық келісімге енгізілген өзгертулер немесе толықтырулар болып саналады.

ЕГЕР ОСЫ КЕЛІСІМНІҢ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ СҰРАҚТАРЫҢЫЗ НЕМЕСЕ ОЙЛАРЫҢЫЗ БОЛСА, RIM КОМПАНИЯСЫНА МЫНА МЕКЕНЖАЙ БОЙЫНША ХАБАРЛАСЫҢЫЗ: legalinfo@rim.com.